

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

V том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ф. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Қ. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырыш, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Молдабеков*

А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. V том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаупты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 283 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүл Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен анылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы көнамдық және гуманитарлық, ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сыйнидан еткен, ғылыми қауым мен көшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйнып оқушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

В томға енгеген таңдамалы еңбектер елдің ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, көнамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

АБАЙ – ҰЛЫ БИЛЕРДІң СОҢҒЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БІТІМ-БИЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) – Шығыс ойшылдарының өнегелі үлгілерін игерген қазақ әдебиетінің классигі, маңдай алды ақын, кемел ойлы философ ретінде тек қазақ топырағына ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі. Мұхтар Әуезов айтқанында, «Соның барлығымен қатар Абайдың ел ішінің ең үлкен, ең іргелі биі болғанын да еске алу керек». «Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті биді Тобықты іші бұрынғы заманда да көрген жоқ деп айта аламын», – дейді замандастарының бірі.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, жол-жора ережелеріне негізделген қазақ зандарының күші әлі де Ресей отаршылық дәүірінде де жойыла қоймаған ортада, оларды қазақ халқының бірлігі, тыныштығы, болашағы үшін жаңаша көзқараспен мейлінше пайдалана білген, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген ірі тұлғалардың алды – Абай. Оның шешен-би ретінде атқарған қызметі, жол-жора ережелеріне енгізген жаңа үлгілері көшпелі қазақ халқының рухани өмірінің дамуына едәуір әсерін тигізді.

Абайдың күні бүгінге шейін ұлы ақын деп қарап келдік. Ұл – орынды. Орынды болса да, жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырғын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін күрескен. Шешендік, билік жолы оның халықтық сана-болмысты биіктетудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға. Оның би атануы, биліктері – тұтас тұлғаның күрделі болмысының бір қыры. Ол «Ұлы дала» заңын үлкен қоғамдық күш деп санады. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деп жазды.

Абайдың ақындығын билік, шешендік өнерімен ұштастыра қарау – міндепт. Соңда ғана ұлы адамның ұлылығы бигінен көрінбек. Абайдың өмірбаянын, тарихтағы орнын оның би болып

атқарған қызметінен бөліп қарau – біржақтылық екендігі айқын. Солай бола тұрса да, өкінішке орай, бүгінге шейін Абайдың биліктері ол туралы зерттеулерден сырт қалып келді. Оның себебі де бар. Қофамды топқа емес, қарсылас тапқа бөліп, тап күресін уағызыдаған Кеңестік идеологияның үстем болған кезеңінде «би» дегенді әшкерелеумен болдық. Оның көшпелі елдің өзіндік мекемесі екендігін, ғасырлар бойы ел тарихының арқауы болғанын біле тұра, оны ғылыми тұрғыдан зерттеуден бас тарттық. Енді өмір езгерді. Қазақтың өз алдына төуелсіз ел болуына байланысты ақтаңдақтарды жоюға мүмкіншіліктер туды. Абайдың жораға түсіү, биліктери ежелден қалған әдет-ғұрып ережелеріне сүйене отырып, заманына сай кейбір жаңалық енгізгені – зерттеуін күтіп жатқан Абай өміrbаяныңдағы ақтаңдақтар. Көп дүниеден құр қалдық. Ел арасына кезінде кеңінен тараған Абайдың биліктері мен соған байланысты шешендік сөздеріне күә болған, болмаса, атадан ұрпаққа тарағанды жеткізер қариялар бүгінде жоқ.

Академияның ғылыми кітапханасының колжазба қорында Абайдың биліктері жөнінде бірен-саран ғана мағлұматтар кездеседі. Халқымыздың ауыз әдебиетін зерттеушілердің, я болмаса оған жанашыр, әуесқой ата-бабаларымыздың, азаматтардың жеке қорында да кейбір ақпарлар әлі де сакталуы мүмкін. Кеңес дәуірі қезіндегі ашаршылық, кең тараған құғыншылық, босқыншылық жылдары талай қолжазбалар өртентген, жойылған. Олардың орны толmas қасіреттері тиген. Откен XX ғасырдың 50-60-жылдары ел арасынан, соның ішінде Тобықты, онымен аралас-құралас көрші тайпалардың қарияларынан ауызша сакталған Абайдың билік үлгілерін әдейі жинағанмын, ол кезде Ұлттық академияның құрамындағы Философия және құқық институтының директоры болуымды пайдаланып, іздену жұмысына көпті көрген, елдегі саусақпен санарлық сыйлы кісілердің бірі, Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы Ақат, сонымен бірге Тобықты топырағынан шыққан қариялар С. Қасиманұлы, Ә. Қайнарбайұлы сияқты басқа да ақсақалдарды тарттым. Бірқатарын институттың уақытша қызметкерлері ретінде орналастырып, олардың жүріп-тұруына тиісті ақысын төлеп, мүмкіндік жаса-

дым. Солармен бірге өзімнің қарауымдағы қызметкерлер Мұстафа Ысмағұлов, Рысбек Сарғожаұлы, Нұрлла Өсерұлы, тағы басқалар да іздену, жинау ісіне өздерінің үлесін қости. Осы зерттеуге байланысты Академияның кітапханасындағы қолжазба қорымен біркелкі таныстым. Абай туралы бұрын-соңды жарияланған еңбектер, әр түрлі пікірлер зерттелді, жинақталды. Өкінішке орай, әр түрлі себептермен зерттеу жұмысы қорытындыланбады, тоқталып қалды. Енді, міне, 50 жыл араға салып, жиналған құнды қолжазбаларымды көпшілікке ұсыну мақсатымен, сол еңбектерге қайта оралған жағдайым бар. Оған негізгі себеп болған отаршылықтан құтылып, қазақ тәуелсіз мемлекеттің құрылуы. Сонымен бірге кезінде әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің ұсынысы да қамшы болды. Сонынан Абайдың шешім-біліктерінің бір бөлігі Әйтеке биге арналған жинаққа енді.

Билердің атасы аталатын ертедегі Мөңке би, орта ғасырдағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», бері келе «Жеті Жарғы» аттарымен ұлт тарихына енген заң-ережелерінің халықтық касиеттерін өнеге ұстаган, оларға дәуіріне сай кейір құнды толықтырулар енгізген XIX ғасырдағы ірі тұлға – «Төбе би» атанған ұлы Абай. Үш жүзге әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке, келесі буын – Сырым, Есет, Саққулақ сияқты әрі әділестті бітім биліктерімен, ел басқару, ел мұддесін қорғау тәсілдерімен қазақ топырағында ерекше орын алған іргелі тұлғалардың жолын ұстаган соңғы билердің бірден бірі, ғаламаты да – Абай. Бұл мақала осы жөнінде айтылмай келген, зерттеуден түрлі себептермен сырт қалып жүрген Абайдың бір үлкен қыры – биліктері мен шешендігіне арналды.

1909 жылы Петербургте жарық көрген, Құнанбай балалары даярлаган Абай өлеңдерінің басылымында: «20 жасында Абай халық ортасында Мөңкедей бас шешен болды... Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді», – деп жазған.

Абайдың өзіне сөз беріп көрелікші. Ол бұрынғы билермен өз кезіндегі Ресей отаршылдығы дәуіріндегі билердің айырмашылығын, заманың өзгеруімен бірге билердің де өзгеріп бара

жатқандығын, әділдіктің азайғандығын өкінішпен суреттейді: «...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз-Тәуке ханның «Күлтебенің басында күнде кенес» болғанда «Жеті Жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендейден ескіріп, бұл жана заманға келіспейтүгін болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, телеу саларға жаарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ». Ресей патшасының отарлау саясаты қазақ сахараасында талай өзгерістер енгізді. Солардың бірі – билердің үкімет тарапынан сайлануы, олардың көбін жергілікті әкімшіліктердің қолшоқпарына айналдыруы.

Абайдың шын мәніндегі би болып қалыптасуына өскен ортасы әсерін тигізді. Жораға тұсу, билік ісі – Ыргызбай-Құнанбай әuletінде атадан балаға тараған дәстүр. Арғынның ішіндегі Тобықтының аты Абайдың арғы аталарының бірі Ыргызбай кезінде шыға бастады деген бар. Зерттеушілердің айтуынша, Ыргызбай беделді би болған. «В памяти слышавших его надолго сохранились песни, скороговорки, пословицы», – дейді М.С. Сильченко. Мықты билердің қатарына кірмегенімен, оның әмірі өз руына жүрген. Ауыз әдебиетінде құнын ала алмаған даугердің «мойынбасы былқылдап, Ыргызбай жүрді араға», – деген сөзі кездеседі. Сірә бір сөзді, бір түйінді басшы болмаған сияқты. Тобықтыны қонысы көршілес рулармен теңеген, оның ықпалын күшайте түсken – әрі біi, әрі көсемі Кенгіrbай. Ол қартая келе өзінен тараған ұрпақ ішінен беделге ие бола бастаған ағасының баласы Өскембайға өз жолын өз қалауымен берген.

Болжауы дұрыс болған. Өскембай елге беделді, қазақтың жол-жоралғы ережелерін әділдікке сүйене отырып қолданады. Тобықты ішінде сол кезде «Ісің адап болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген мәтел тараған (бұндағы Ералы – Кенгіrbайдың баласы). Өскембайдан туған Құнанбай ойшил, сырлы, терең сөздің шебері, мінезі қatal, бір сөзді, ескі әдет-ғұрып салты мен дінді қатар ұстаған Тобықтының әрі біi, әрі басшысы. Өз әuletінің шенберін місе тұттай, қарадан шыкса да,

Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып бекіді. Абай осындай ортада өсті. Өмірден өнеге алуға жастайынан талпынған бала аталары би болғандықтан, ел билеу, шешендік үлгісінде тәрбиеленеді. Құнанбайды көзі көрген, онымен арапасқан саяхатшы А. Янушкевич 1846 жылы жазған естелігінде былай деп суреттейді: «Құнанбай таңғаларлық тәкпелі шешен, тоқтамай жүретін сағат сияқты ертенгі оянғаннан кейін үйқыға кеткенше тыным жоқ, сөйлеумен болады. Қазактар оған минут сайын келіп, кенес сұрап жатады, ол болса ежелгі шешендер сияқты белін таянған күйі суырыла сөйлеп отырады».

Абайдың өзі айтқандай «Адамға үш алуан адамнан міnez жұғады: ата-анасынан, құрбысынан, әсіресе солардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады».

Сөздің қоғамдық құны, атышулы билердің билік үлгілерінің (прецедент) қадірі кете бастады. Бірақ та түгелдей жойыла қойған жоқ. Бұрынғы әділ, шешен, бұқара елдің қамын жоктайтындардың сынықтары әлде де, бірен-саран болса да кездесетін. Абай солардың ішіндегі көрнектілерінің алды болды.

Арман әр түрлі. Атадан туып елдің азаматы, «көштің басы» болсам деп ансаған жас жораға түсіп, шешен, тапқыр атанип, көпшіліктің көзіне ілінсем деп армандайды. Заманында Төле би: «Тұман түбі – жұт, ақыл түбі – құт, елге бай құт емес, би – құт», – деп тегін айтпаған.

Дарын-талабына сай би болам, сөзімді жүргізем деген үмітті кісі көрнекті ата-бабаларының артына қалдырған түйінді, өрнек сөздерін, өсист-мұраларын игеруі шарт! Оларды өзіне үлгі етеді. Осы жолда жетілуіне қарай өседі.

Абай жасынан қарттардың қызықты әнгіме-аңыздарына, сөз таластарына, ауыз әдебиетіне әуес болып өсті. Атақты ел басшыларының, билердің кенесін тыңдауды әдет етті. Әкесі Құнанбайдың, басқа да Тобықты ішінде атағы шыққан үлкендердің ойлы сөз өнерін, ата-бабадан қалған атаулы жол-жоба, шешім, келісім, билік үлгілерін үйренді, жадына құйды. Абай ата жолын қуады деп оған Құнанбай сенім артты. Қартая келіп, Тобықты ұлысының тізгінін бұдан былай да ұстап тұру мақсатымен Құнанбай баласын Семейдегі Ахмет-Риза медрессесіндегі окуын

бітірткізбей, елге шақыртады да, би болып билік айтудың сырына баулиды. Оны қасына ертіп Қоянды жәрменекесіне, Қарқаралыға, тағы басқа жерлерге апарады. Белгілі ақсақалдар, билер кеңесіне қосады. Мұхтар Әуезов осы кезең туралы былай деп жазады: «Отец вернул его в аул и начал постепенно приучать к разбирательству служебных дел, к будущей административной деятельности главы рода. Вращаясь в кругу изощренных вдохновителей межродовой борьбы, Абай, наделенный от природы недюжинными способностями, постигает тончайшие приемы ведения словесных турниров, где оружием служили красноречие, остроумие и изворотливость. Так как тяжбы решались не царским судом, а на основе веками существовавшего обычного права казахов, Абай должен был обратиться к сокровищам казахской народно-речевой культуры».

Абайдың мұрасын зерттеушінің бірі М.С. Сильченко да осыны қуаттайды. Әкесі оны 13 жасынан бастап «стал привлекать к решению спорных дел и управлению родом», – дейді. Тағы бір енбегінде: «Незаурядные способности сына, его ораторские данные и знание поговорок, изречений биев и других видов устного народного творчества вскоре сделали юношу весьма популярным в среде окружающей отца феодально-родовой верхушки тобуктинского рода».

Абай ерте жетілді. Жас кезінен-ақ ел көзіне түсті. Оның тапқырлығы мен шешендігі, әдет-ғұрып ережелерін игергендігі, әділ де қысынды шешімдері көпшіліктің ойынан шықты, ел билеуге әзірлігін көрсетті.

Болжауы мол әкесі Құнанбай да Абайды түсінді. Ол әлі жиырмага толар-толмас жас болса да ел билеу жұмысына аласуын көздеді. Семейдегі окуынан алдырып, болыс сайлауына қатынастыру ойы да осыған байланысты еді.

Абайдың баласы Тұрағұлдың естелігінде: «Әкем әуелі Құдайберді болыс болып сайланғанда оның кандидаты (орынбасары) болып тағайындалды», – дейді. 1868 жылғы реформадан кейін әкесі оны өз болысина управительдікке ұсыну қымылын жасайды. Бірмағлұматтарға қарағанда Абай оған келісімін бермейді.

Осының салдарынан әке мен бала арасында үйлеспеушілік, реніш туады. «30 жасында көршілес Қоныр-Көкше Тобықтыға бірінші рет управитель болып, Абай әкімшілік жұмысын өзінің әділлігі мен жігерін ел басын біріктіруге, ұрлық-қорлыққа мейлінше тыйым салуға, оқу-білімнің пайдасын, надандықтың зиянын көпшілікке түсіндірге пайдаланады». Абайдың өлеңдері мен өмірін терең зерттеушінің бірі Сабит Мұқановтың жазуынша, «ол сол кезде белең алған ұрлық-қарлыққа, барымтаға, тағы сондай қиянаттарға қатты тыю салған. Қиянатшыларға мейірім іstemейтін қатал болған». Әсіреле, сауатын ашқан не аша бастаған сезімтал жастар арасынан Абайды жақтаушылардың көбеюімен бірге қарсыластары да бой көрсетті. Өз ата-бабасының, өз аулының кертарапта ескі салтының шырмауынан шықпаған күнестердің күңкілі көбейді. Абайдың оқығандығы, сезгіштігімен алға қарай көш бастауға ұмтылуы оларға үйренген «тыныштығын» бұзатын өрескел іс болып көрінді. Патша ұлықтарының атына Абайдың үстінен арыз берушілер де табылды.

Араға үш жыл салып, Абай болыстық жұмысты тастанды. Кейін, ол жыл шамасы өткеннен соң, осы елге тағы бір рет болыс болады. Саналы кезінде қоғам өмірінен қол үзбеді. Округ, болыс бастығы сайлауларында өзінің туыстары ішінен ақылдыларының өтуіне көп күш жұмсады. Елді «түзетемін» деген ойына да күмән түсті. Илияс Жансүгіровтің ойынша, Абайдың «Ел бұзылды» атты өлеңінде түпкі сарын «басшыға, әсіреле, елді түзетем, бастаймын деген өзіне бағынбағандығын көп арман қылады».

Сол кезде орта жүздің әкімшілік орталығы болған қалалары Омбы мен Семейге тоқталып, тұрақтап, қазактардың ата-баба заңдары, ережелерімен шұғылданған орыс оқымыстылары, жер ауып, иә болмаса, бостандық ансап келіп оқыған жас орыс мамандары Абай ауылына соқпай, онымен ақылдаспай кетпеген. Солардың ішінде П.Е. Маковецкийдің 1886 жылы жарық көрген қазактың әдет-ғұрып заңдарына арналған кітabyна Абайдың тікелей қатысы бар. Оның Абаймен жақын, сырлас, тамыр-таныс болғаны мәлім. Алтап, айлап Жидебайда қонақ болып, келіп-кетіп жүрген. Абаймен тығыз аралас-құралас

жүрген туысқандарының, шәкірттерінің айтуына қарағанда Абай өзінің қолжазбасын Маковецкийге берген, соның атымен шығарғанға келеді. 1909 жылы Петербургте басылған Абай өлеңдері жинағының алғы сезінде былай деп көрсетілген: «...Макаутскийдің атына басылған қазактың ескі әдет-ғұрпы деген кітапты жазып аламын деп жүрген Грусс (Гросс – С.3.)...әм Михайлэс Абайдікіне қонақ болып келіп кетіп жүрген». Гросстың еңбегіне Абайдың көмегі мен әсері мол болған. Мұхтар Әуезовтің ертеректе шыққан бір еңбегінде: «Гирос (Гросс – С.3.) айдалып келген соң қазактың ескі жорасы бойынша айтылатын билік кесім сияқты ескі әдет зандарын жиып, қарастыруға салынған, сонымен бұ да Абаймен араласып, қырга шығып, 3–4 айдай Абайдың ауылында жатып қайткан».

Абайдың өскен заманында билер сан жағынан көп те, шын мағынадағы билер саусақпен санағандай болатын. Би атағын атап та беру, сатып та беру тараган-ды. Ауыл басына кемінде бір биді ұлық тағайыннады. Бұрынғы, ел бұзылмай тұрғандағы адал билердің салтын, өнерін, әділесттілігін, тапқырлығын, ойшылдығын сақтағандар сирек кездесетін еді. Соның бірі Абай болды. «Сұнқар даусымен, тұлпар шабысымен» дегендей, Абайдың тапқырлығы, сөз қисыны мен ой қисының үштасуы, үлкендердің алдында каймықпай айтysқa түсе алтындығы жасынан-ақ сезіледі. «Тегін емес», дарынды жас екендігі байқаудан өтеді. Ел арасында «Құнанбайдың Ыбырайы», кейде «Құнанбайдың Абайы» деген сүйсінген көтерінкі ат көнінен тарай бастайды. Әділ би, шешен би аты көпке тарап, Абай тарихта өткен ұлы билердің қатарынан саналады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан үлгі бойынша би атағына ие болу үшін алдыменен ақылдылығымен бірге тапқырлығын, әсіресе үлкен ойшылдығын үлкендер алдында, жиын алдында жасынан бастап көрсетуі, сөйтіп көпшілік сынынан етуі қажет. Абай да осы жолдан өтті. Бір-екі мысал келтірсейік. Академия кітапханасының қолжазба қорында Мұхатов Фалымжан атты азаматтың ертеректе ел ішінен жинап, тапсырған мына дерегі жатыр. Қарекесекпен жапсарлас отыратын Қареке руының адамдары бір жылы ел

жайлауға шыққанда Тобықты руының бес айғыр үйір жылқысын барымталап алғыпты. Дау шешімін таппайды, таласқа айналып, екі рудың араздығын күшетеді. Кейін осы рулардың арасындағы дауды бітіруге Тобықтыдан Құнанбай бастаған қырық кісі Қареке еліне келіпті. Қареке жағынан Камен би бастаған халық жиналып, екі ел бір тәбенің басына отырыпты. Жол сырын аңғарғаннан кейін Камен би: – Уа, Құнеке! Желілеген жылқы жалғыз сіздікі емес, желпінген тақым жалғыз біздікі емес, көрген көз, қалған із жоқ, айып кімнен? – дейді. Сонда Құнанбай не айтар екен деп қасындағы баласына қарайды. Абай кідірместен: – Рас айтасыз, биеке! Желілеген жылқы жалғыз біздікі емес, желпінген тақым жалғыз сіздікі емес. Тай мініп, тайлақ жетектеген әр елде бар, Қара үңгелдің бойымен жылқы куып, қансорпа қылған қай елде бар? Көрген Тобықты аз болса, құдай көрді, – депті. Камен би бала сөйлейді деп ойламаған, сасып қалыпты.

Сонда ол: – Япырым-ай, Тобықтының үлкені тұрғанда, кішісі сөйлейді екен-ау! – дейді. Абай оған: – Биеке, оның не ерсілігі бар? Үлкенім жол айтады, өзім дау айтамын. Ал сіз дауынзыды өзініз айтып отырсыз, жолыңызды кім айтады? – деп жауап қайтарады. Камен би сөзден ұтылып: – Тілінді тәнір кессін. Менің заманымның сұрқылтайы мынау екен, – дейді де, орнынан ұшып тұрып, жігіттеріне қарап: – Тобықтының жылқылары біздің үйірге қосылғаны рас болса, қайырындар, – деп бұйрық береді. Сонымен Қаракелер барымтаға алынған жылқының барының көзін қайырып, жоғының төлеуін беріпті. Бұл даудың қансыз, қауіпсіз, жөнімен біткеніне Қаракелердің өздері де қатты риза болып, Абайға алғыс айтады, Құнанбайға айыпқа қасқа тоғыз жол беріпті.

Абайдың кейір мұлік-мұрасын 1932 жылға шейін қолында сақтап келген (тогызқұмалағына шейін), қызы есебінде болған келіні Камалияның айтуынша: Абай анасы Ұлжанның бауыры Сақтыбаймен, оның дәлелдеп айтатындығына сүйсініп, әңгімелескенді ұнататын. Бір күні Абай Сақтыбайға: – Біз: Тәнірберді, Ылсақ, Абай, Оспан төртеуіміз кедей болып сенін қолына барсақ, сен бізді қалай пайдаланаң едің? – дейді. Сақтыбай ойланбай-

ақ: – Тәнірбердің жылқының қосағасы қылар ем, Абайды дауға, Оспанды саудаға, Ысқақты қонаққа салар едім, – депті. Мұны естігенде Абай қанағаттанғандай қарқылдаш күлетін.

Абайдың өткір тілін, әсем сөзін, талай шиеленіскең дауларға түсіп айтқан ақылды биліктерін баяндайтын біраз естеліктер, материалдар бар-ды. Әділдігі, шешендігімен Абай жиырманың үстіне жаңа шыққан кезінен-ақ үлкен беделге ие бола бастады. Оның атағы оязной түтіл («уездный начальник»), Семей губернаторына жетті. Ел арасында «Аузымен құс тістеген» ақпа дәүгер, алмас тілді ақын, әділ билік иесі деген атақ та кеңінен тарады. Абайдың беделінің артқаны сонша, өзі ресми қызмет орнында болмаса да болыс сайлау науқанында оның сөзі, ұсынысы жүріп отырған. Абай қолдаған үміткерлердің ісі онынан туған.

Біздің қолымызда кезінде жиналған елуден астам Абай биліктері, оның үстіне Төбе би болып ресми танылған кезіндегі оның басшылығымен жасалған ережелер де бар. Осы кітапта Абайдың жер дауы және мал дауына қатысты бірқатар бітім- биліктеріне ғана талдау жасап, оқырмандарға ұсынып отырмын. Осылардың өзінен де көп мағлұмат алуға болады: Абайдың қазак халқы өміріндегі, ақындығына қосымша, бұрынғы ел қамын ойлаған, әділдіктің арқауы болған ұлы билердің мұрагері, соңғы өкілдерінің бірі болғандығы байқалады. «Абайға жүгініске барсак, билігіне құлдық», – деу әділ бітім ізdegендердің арманы болыпты.

Абай және жер дауы

Ежелден белгілі талас-тартыстың бірі – жер дауы. «Жер құдайдікі» деген заманың өзінде-ақ жайлай, шұрайлы қоныс үшін жауласуға шейін барған мезгілдер болған-ды. Бірақ жердің кеңдігі бір қонысты, ұнамаса тастай беріп, екінші қонысқа ауысу мүмкіншілігі бар уақытта жерге таластың көп өзгешеліктері болатын. Таластың көбі ұлыс, үлкен рулар арасында болатын да, жеке шаруа, ауыл арасында сирек кездесетін, рудың өз ішіндегі жанжалдар көбінесе сырқа шықпай, ақсақал, билердің шешімдерімен бітетін. Сол себепті ұлыстың, рулардың ішкі

өміріндегі қайшылықтарға арналған әдет-ғұрып, жол-жоба тәртібінде жер дауы жайлы ережелер аз. Ертеде, дәлелдеп айтсақ, XVIII ғасырдың ортасына шейін жерге жеке меншік деген бүгінгі мағынадағы ұғым көшпелі қазақ елінде болмады. Бұдан жер кімдікі болса, сонікі, иесіз жатты деу де – кате. Ауыл-ауылдың, ру-рудың жайлауы, күздігі, қыстак орындары бөлінгендері белгілі, бірақ та тарлық болмайтын. Қоныстары ауысып отыратын, малдары қосылып жайылатын, оларды айыратын заманда жер дауының үлкен қоғамдық маңызы болған жоқ.

Абай кезіндегі жағдай өзгеше. Қазақ қоғамының өміріне, соның ішінде жер қатынастарына да үлкен өзгерістер енді. Жайлау-қоныстың тарылуы, ішкі әлеуметтік қайшылықтардың өсуі ру, ауыл ішіндегі «туысқандық» байланыстардың әлсіреуіне, бұрынғы көшпелі қауымның уақ-уақ болып бөлшектенуіне, жеке шаруа, иә болмаса әрбір ата баласының өз алдына бөлінуіне әке-ліп соқты. Жер иеленуде жеке меншіктік өріс алды. Тек қыстаудың айналасындағы қыстық жер емес, жайылымы, су бұлағы, шалғын сайы бар орындар ана ауылдікі, мына адамның жері болып бөлінді, белгіленді. Малды ауыл, малсыз ауыл, әлді-әлсіз ата баласы, бай-кедей болып жіктелу қебейгендіктен, қонысқа талас, күшпен басып алу – жер дауын қебейтті.

Жораға түскен жер дауын шешуде ескі тәртіп, дәстүрмен қатар жана ережелер туды. Бұрын жер таласында қонысты жерді қай ру, ауыл бірінші боп бұрын игерді, қазған құдығы, жер аттары моламазарлары, тасқа ойған ру таңбалары дәлел ретінде бағаланатын.

Соңғы уақытта жерді бөлуде, айыруда атпен жүріп тас тастау, меже салу, бақан тігу, шоқы-төбөгө белгі салу өріс алды.

1. Абайдың өзінің інісі Оспанға тарттырган айбы. Кенжесі ретінде Құнанбайдың қара шаңырағына ие болған Оспан содыр мінезді, дандайсыған, сотқарлау болыпты.

Жазда Оспан жайлауға көшіп кеткенде, қыстаулар, қоракопсы бағып қалған 12 үй жатақтар ой-ойдағы тың жерлерге ағаш, соқаға сауын сиырларын жегіп, бірлесіп 20–25 десятина жерді жыртып, азды-көпті тапқан бидайларын, арпаларын шашып, егін егеді. Оны тұяқтыға таптатпай, тұмсықтыға шоқытпай, қорып

өсіреді. Маңдай терлері зая кетпей, егіндері көбінесе бітік өседі, алқарапек болып бұл жылы да толқып тұрады. Күш көлігінің, құрал-сайманның жетімсіздігінен кеш егілген егіс кеш пісетін-ді. Дегенмен, жатақтар бала-шағасына көжелік, кеспелік астығын жинап алатын.

Бір жылы Оспан жайлайдан жылқысын айдатып көшіп келе жатқан кезінде жатақтардың жайқалып өскен егісін көріп жылқышыларына:

– Ой-ойдағы жатақтардың егініне жайындар! – деп әмір береді.

Жатақтардың егіндерін Оспанның жылқысы аузымен орып, тұяғымен таптал күйе жегендей етеді. Сорлы жатақтар зар жылап, құркелерінің түбінде жер шұқып, іштері күйіп өкінеді де қалады. Бұл кез Қоянды жәрменкесіне елдің жүрер қарсаңы екен. Қояндыда билердің төтенше съезі де тағайыналады. Абай осы съезге шақырылады. Ол Қояндыға бара жатып, жатақтардың үстімен жүреді. Жол-жөнекей әрбір ойпаңда құрым жапқан олардың құркелерін көреді. «Сусын ішелік», – деп аттың басын бұрып, бір құркеге тіреледі. Алдынан бір буқірейген шал шығады, сәлем бергеннен кейін, Абайды танып: «Қуыс үйден құр шықпа», – деп, шал Абайды құркеге кіргізіп, сусын ұсынады. Сол жерде Абайға Оспанның егінді таптатқанын, соның салдарынан шиеттей бала-шағаның қатықсыз көжеге зәру болып қалғанын айтады.

Абай шалдың сезін ұн демей отырып тыңдайды да: – Ал ақсақал, қасына серік ерт те, қос атпен маған еріп жүр, мен ертең жолдағы Оспанның үйіне барамын, сонда осы әңгімені жалғастырайық, – дейді.

Шал: – Біздің 12 қос жатақтың аяқ ылау қып мінері жалғыз сабау бұт, жауыр дөненінен басқа біздің көлігіміз жоқ, – дейді. Бұдан кейін Абай өзінің жеккен шеткі атын доғарып, шалға береді де: – Менің атыма біреуің, дөненге біреу мініп, ертең сәскеде, мен Оспанның үйіне барар кезімде келіндер, – деп тапсырады. Келесі күні тұске таман шал, қасында тағы бір жатақ, Оспанның ауылына түсіп, Абайдың шақыруымен інісімен бас қосқан үйге

кіреді. Болған оқиғаның растығына көз жеткеннен кейін Абай Оспанға: – Қазір өзің бар да, жылқыдан құнан-тайы, аты бар, маған 24 жылқы айдал әкел, – дейді. Оспан аң-тан, қапелімде орнынан тұра қоймайды. Абай Оспанға зәрін тігіп, қадала қарайды. Оспан үйден шығып, жылқыға кетеді.

Жылқыға бара жатып Оспан қиялданады: «Егер Абай осы жылқыны жатақтарға беріп айдатса, қайтар жолына 3-4 жігіт жіберіп, жылқыны қайта үйіріне қостырайын» деп, әдіс-айла құрады.

Оспанның үйден қитығып шыққанын жаратпаған Абай: «Бұл содыр, соқтықпа неме, жылқыны айдал үйіне бір әкелер, бірақ, жатақтарды ауылына жеткізбей, өзінің сойылын соғатын көңілдестерін жіберіп, «ана екі жатақтың жұлдынын үз де, жылқыны айдал үйіріне қос» деп те әрекет жасар» деп іштей топшылайды. Оспан 12 ірі жылқы, 12 құнан-саяқтарды айдал келіп, Абайға: – Ал жылқы келді, тілегінді орындаым, әкеңнің малын қайда, неге жаратқан қызығына қарауға рұқсат етіңіз, – деп, қыр көрсетіп сөйлейді.

Абай екі жатақтың қасына өзінің жаңында еріп келе жатқан Қонды шабарманын қосып: – Мына 24 жылқыны айдасып, жатақтарға барып, 12 үйге, біріне де қиянат етпей, бір ірі, бір құнаннан бөліп бер. Бұл менің Оспаннан әперген әрі төлеуім, әрі айыбым, – деп айтыңыздар, қорықпай малдансын, қажетінse ұстасын, – дейді, де Оспанға: – бері кел, «құлдық» де, – деп бұйырады. Оспан ашуланып: – Тағы қандай әкеңнен қалған малға мырзалақ етесін? Тек шаңырақты қорлама, – деп зіл айтады. Сонда Абай: – Әкеңнің шаңырағының қасиетін сактасан, көлөңкеде жүрген, жайлauғa көшсөң қыстауынды күзеттін, әйелдері іркітінді құрт, жүнінді киіз, малыңың қөнін отын ететін жатақтарда әкеміздің құны кеткен жоқ, сен неге оларды қорлайсын? Алты ай жаз ауруға дем салғандай етіп күтіп, бәйек болып өсірген 12 үй жатақтың егінін әкенін жылқысына неге жегіздің? «Жер ортақ – өсімінде менікі-сенікі жоқ» дегүің жатақ елінің табанының етін, мандайының терін бағаламау, ел дәстүрінің ата заңында бар ма? Білмесен бар, ана Нұрсейіттен сұрап

біл... жерді, суды сен жаратқан жоқсын, жер-су құдайдікі, соны кім пайдаланып, игілікке үлес қосса, сонікі. Сен жерге малынды жайып өсімін алсан, жатақ күш-куатын жұмсап, жерден өнім алуға тиіс. Әкеннің дәүлетінде менің де үлесім бар. Мен сол өз үлесімнен емес, сенің үлесінен жатақтарға айып әпердім. Менің шешімімे қарсы болсаң, Қояндыда болатын билердің съезіне жүр. «Әдепсіз өскен ұл-қызы өлген ата-анасының сүйегіне тіл тигізді», – деген бар. Сен өзінді олардың қатарына жатқызбаудың амалын ойла, – депті. (Абайдың бұл билігі 1960 жылы Жалғызтебе ауылының тұрғыны қарт Исаков Айыздың айтуынша жазылды, Сыбандармен құда, сүйегі – Кіші Жұз, Байбақты руы).

Абайдың туысы, Текежанның баласы Әзімбай күшіне, сүйемеліне сеніп, аз Жігітек руының егініне 30 жылқысын жіберіп, жайдырады. Бұны басынғандық деп санап, жылқыларды етін иелері ұстап алады.

Әзімбай ашууланып, 150 адам жинап, сойылдасады. Бірақ, жылқыларын қайтара алмайды. Енді ол 300 қол жинап жатқанда оған қарсыласудың қындығын білген Жігітектің бас адамдары Базаралы мен Дәркембай түн ішінде Абайға кісі жібереді. Абай ертеңіне егін басында Әзімбайдың, Жігітектен Базаралының шағымдарын тыңдалап келіп, желінген, тапталған егін үшін, сойылдасқаны үшін Жігітектердің қолында тұрған 30 жылқыны соларға қалдырады. Әзімбай Семей қаласындағы орыс сотына шағым түсіреді. Сот Абайдың билігінен асып түсе алмапты. (Бұл оқиға 1962 жылы шілде айында «Горный» совхозының тұрғыны Едіжанұлы Әбіштің айтуынша жазып алынды, 82 жаста, тұған жері Семей облысы, Шұбартай ауданы).

Оразбай мен Абай. «Аңы судың аргы жагы» аталатын Ертіске құлар жолдағы Уақтың жерін Тобықты Оразбай Аққұлұлы «жылқысы Ертістен су ішкізуге бөгет болды» деп, 100 кісілік қол жіберіп, сойылдасып басып алады. Осы тартыста Уақ руының жігіттері Оразбайдың бес мықтысын түсіріп қалады. Семей оязының реєми сотына Оразбай арыз береді. Тергеу жүргізіп бітіре алмай, орыс экімдері бұл істі Абайға жолдауды макұлдайды. Ол үшін екі жақтың жүргініске отыруға келісімі керек.

Бір жағы, сүйегіміз бір ғой деп келіссе, екінші жағы Абайдың әділдігіне сеніп келіседі. Абай екі жағына да тартпай, жүргіністен соң «Қара қылды қақ жарып» мынадай бітім жасайды:

— «Анау Ащы су кезінде Уақтікі болатын, оны әкем Құнанбай тартып алды, оның бергі жағы — Ащы судан Доғалаққа шейін Жиреншешінә әкесі Шоқа тартып алды. Ащы суга шейінгі орынды Оразбайдың әкесі Аққұл тартып алды. Ащы судың аргы жағы Уаққа қалсын. Қолға түсінен бес кісіні Уақтар Тобықтыға қайтарсын. Олардың мінген бес жылқысы (аты) жеріне рұқсатсыз кіргені үшін айыбы ретінде Уақта қалсын».

Оразбай бастаған Тобықтылар Абай Уақтың сөзін сөйлейді, оларға болысты деп қатты даурыққан. Бұл оқиғаны есінде сақтаған, көп білетін 82 жастағы карт Әбіштің айтуына қарағанда Оразбайдың Абаймен өштесуі осы биліктен басталады. Жүргініс соңынан Оразбайлар «Аруақ атсын!» — деп айқайлағанда, Абай:

Мені ататын аруақ сен емес, — депті. Оразбай: — 3000 жылқыны осы жолға салдым, — деп істі қуатынын білдіреді. Сонда Абай:

Құнанбайда 7000 жылқы бар, жылқы сөйлейтін болса, сөйлетіп көр, оны да косып көр, — депті. (1962 жылы жазылды. Айтушы Едіжанұлы Әбіш).

4. «Әкенің салған белгісі, бітім сөздің желісі» деген бар. Бұл биліктің тарихы 1958 жылы, 73 жасқа келген Әрхамның айтуыша жазылды.

Ол Кәкітайдың баласы, Кәкітай Абайдың інісі Үісқактың баласы.

Абайдың туып өскен Шыңғыс болысымен іргелес — Қызыладыр болысына қарасты Мамай ішінде Еламан руынан Жамантайдың екі ұлы болады: Тезекбай, Көжекбай. Әкесі көзінің тірі кезінде оларға малын, жерін бөліп береді. Тезекбай кедей болып, бір сиыр, бір аттан артық бітпейді. Ер жеткен төрт ұлы бар. Көжекбай малды болып, байып, өзіне тиісті жерінің жайылым шебі жетпей, ағасы Тезекбайдың жеріне ат майын, ұсақ мал беріп, жыл сайын малын жаяды.

Байлықтың арқасында оның абыройы өсіп, бес старшын Мамайдың басты адамдарының арасында ықпалы жүреді. Солар-

ға сүйеніп ағасының жерін өзіне қаратып, меншіктеп алуды ой-лап, Еламанның атқамінерлері Қосқан, Тұрарларды бірнеше рет қонақ қылып, ортаға жүргізеді. Олар Тезекбайды Көжекбайдың үйіне шақырып алып:

– Мына ағайынды екеуіннің жерін бөлінбепті. Біз ағайын болып, билік айтып, жерлерді бөліп берейік, – дейді. Тезекбай:

– Жерді әкем Жамантай өзі тірі кезінде бөліп берген. Қайта бөлуге рұқсатым жоқ. Жұгініске келісімім жоқ, – дейді. Тілімізді алмады деп ызалаңған Қосқан мен Тұрар Еламанның бірталай кісілерін шақырып, жерді еріксіз бөліп, Тезекбайдың көп жерін Көжекбайдың меншігіне қаратып, меже салып, таспенен белгілейді.

Көжекбай алған жеріне малын жаяйын десе, Тезекбай төрт баласымен бірге балта, шоқпар алып, жеріне жолатпайды. Дау өрши түседі. Қалай да болса Тезекбайды көндіру үшін бес старшын Мамайдың болыс-білерін, елубастарын шақырып, бір семіз тай соыйып, Қосқан мен Тұрардың жерді бөлуін актілетіп, бекітіп алмақшы болады. Болыс-білер Тезекбайға: – Ақсақал, бір старшын Еламанның басты адамдары бөліп берген жеріне Көжекбайдың малын неге жайғызбайсың? Олай болса бізге билетіңіз, біз біржолата дауларынызды аяқтайық, – дегенде, Тезекбай: – Мен билікке Абайды аламын. Абай алдына барып жүгінелік, – дейді. Болыс-білер:

Абай бөтен болыстың адамы, ал біз болсақ туысқан, бір болыстікіміз. Бізге неге сенимсіздік тұғызыасын? Біз шешкелі жиналдық, – деп бірсөзділігін білдіреді. Тезекбай:

– Төрт балам мен өзімді қырып тастанасаңдар, берер жерім жоқ, жүгінетін жүгінісім де жоқ, – деп көнбейді. Оның қарсылығына қарамастан Қосқан мен Тұрардың биліктерін бекітіп, мөрлерін басады. Бұдан кейін де Тезекбай төрт баласымен Көжекбайдың малын өз жеріне жайдыртпайды. Төбелес-тартыска бара алмай, Көжекбай Абайдың алдына барудыңайласын ойлады. Қосқан мен Тұрарға: – Мына Тезекбай төрт баласы мен өзі өлмей тұрып, жерді беретін емес. Енді өзі қалап отырған Абайына барып сілесін біржолата қатырып алсақ қайтеді... Сондықтан Абайға

жақындасуға сіздердің қандай мүмкіншіліктерініз бар? – деп сұрайды. Сонда Тұрар: – Мен Абайдың ең жақсы көретін баласы Мағауиямен жақсы едім. Сен малыңды аямасаң, мен Мағауияға барып, Абайды бұрғызыудың амалын ойлайын. Көжекбай: – Малымның ішіндегі екі жыл мінілмей, құр жүрген бурыл ала атын бар, соны Мағауияға беріп, неғылсаңдар да, осы жерді алып беріндер, – деп Тұрарға жалынғандай болады. Тұрар бурыл ала атты жетектеп, Мағауияға барып істің жайын баяндайды.

Бір болыс Мамайдың билігін бекіттіріп беруге көмектес, әкенде көндір, – дейді. Сонда Мағауия күледі де: – Ақсақал, менін әкем пара алып, билігінді теріс айт дегеніме көне ме? Бірақ та өзім үш күннен кейін Ақшоқыдан Жидебайдағы әкеме барғалы отырмын. Бұл сөздің мәнін айттайын. Лайықты бітім табар, мына бурыл ала атынды өзін алып кет, – деп жауап беріпті.

Тұрар Мағауияға сөзім өтпеді деуді ар көреді де, Көжекбайға бұрып айтады: – Мағауия үш күннен кейін Абайға барып, біздің тілегімізді орындалап бермек болды. «Атты содан соң алғызып мінермін» деп кейін қайырды, – дейді. Бұған Көжекбай сеніп, Тезекбайға: – Үш күннен кейін Абай алдына барып жүгінелік. Бірақ осы дауды қайталамау үшін әкеміздің атын атап, Абай айтатын шешімге ризамын деп ант ішсін, – деп хабар береді. Тезекбай: – Менің қолым Абайға жетсе болғаны. Абай бар жерімді Көжекбайға алып берсе де ризамын. Ата-бабам Мамайдың, әкем Жамантайдың аруағы атсын, – деп ант етіп, өз сөзінің байлауын айтЫп жауап қайырады.

Енді Көжекбай бес старшын Мамайдың бес басты кісісімен, Қосқан мен Тұрарды ертіп, айтылған күні Абай ауылына аттанады. Тезекбай да бір баласын ертіп, о да Абай ауылына журеді.

Жүгініс кезінде Көжекбай:

– Әкем өлгеннен кейін, маған тиісті жерге мына Тезекбай қора салып алып, баласының көптігін, бәрінің ержеткендігін істеп, малымды жайғызбай қойған соң, Еламанның ақсақалдарын, басшыларын шақырып, билік жүргіздірген едім. Оған да Тезекбай тоқтамағасын, бір болыс Мамайдың болысын, биін, мынау отырған жақсы адамдарын жинап, актілеп, белген жерді бекіттіріп алған едім.

Тезекбай оған да көнбей, өлермендік қылып, сіздің алдыңызға билікке келіп отыр. Мен де бір болыс Мамайдың иғі жақсы басшыларының сөзін аяққа баспас деп сізге келдім, – деп айтып, сөзінің аяғын жұмбақтатып кетеді.

Абай: – Тезекбай, сен барлық Еламанның, бір болыс Мамайдың бөлүіне, айтқан билігіне неге көнбейсің? – дегенде Тезекбай: – Әкем Жамантай тірі кезінде, Көжекбай екеуіміздің жерімізді бөліп меже салып, тас қойып белгілеп беріп кеткен еді. Бүгінде Көжекбайдың малы көбейіп, абырайы есіп, менің жерімді зорлық етіп алғысы келеді. Еламанның басшылары Қосқан мен Тұрар ат пен астың билігін айтады, өзге Мамай адамдарды ақша мен ру партиясының билігін айтады. Сондықтан әділетті билік естісем бе деп сізге келіп отырмын. Нендей билік айтсаңыз да менің бұлтарарым жоқ, көндім, – депті. Екі жақты тыңдай келіп Абай: – Көжекбай, сен мына Тезекбайға бір семіз жылқы, үш семіз қой соғым бер. Қыстай барлық малынды Тезекбайдың жеріне жайып шық. Ал, Тезекбай, сен жаз шықканша, Көжекбайдың малын жерінен қайтарма. Қар кетіп, жер қарайған соң өзім барамын. Бұдан жиырма жыл бұрын әкелерін Жамантайдың екеуінде жерін бөліп беріп жатқанын көргенім бар еді. Сондағы белгілерді тауып, орталарынды тыңдырып қайтамын. Сонда Көжекбай:

– Абай, сіздің бүгін жүруінізді құраймын. Бір болыс елдің жақсыларының билік актісінде әкеміздің бөлген жерлері көрсетілген. Сол кезде салған белгілерді көрмесеніз де болады, – деп ұсынады.

Оған Абай: – Ай, Көжекбай, ісің ақ болса, актілерің хақ болса, бурылала атты Мағаянияға неге бердін? Әкен Жамантайдың бөлігін, билігін мен екі ете алмаймын, – деп билігін қорытындылады. Бұны естігенде Тезекбай орнынан ұшып тұрып: – Билігіңізге ризамын. Құлдық етемін. Бұл Сары Сайтан (Көжекбай) Сіздің де қолтығыныңға кірем деген екен-ау, – деп ырзалық білдіреді.

Жаз шыға Абай өзі барып, Көжекбай мен Тезекбайға жер бөлгендегі әкесінің салған межесін, белгі тасын тауып, жерді Жамантай бөлгендей етіп бөліп, екі ағайын арасындағы созылған дауды тыңдырарлық етіп шешіпті.

5. XIX ғасырдың соңғы жылдары Көтібак руы Айқынбай деген кісінің бәйбіше, тоқал – екі әйелі болады. Оның әрқайсыынан екі-екіден төрт бала болады. Айқынбай өлгеннен кейін жер еншісін бөліскенде өзді-өзі келіспей, бәйбі sheden туған Кәріпбай бір андан туған інісі Оспанбаймен жер бөлу туралы жанжалдастып, тәбелесіп, Оспанбайға айып тарттырмақшы мұқату ойымен тәбелес кезінде өзінің шекесін өзі пышақпен тіліп жіберіпті. Бұдан кейін көлденең ағайындар Оспанбайға екі ат-шапан айып кесіп, билік айтады.

Осыған орай Оспанбай сары бурасын және бір атын айыпка тәледі, бірақ риза болмайды. Бөлінбеген жерге тоқалдың балалары да үміттеніп қалады, «біздің де үлесіміз бар» деп, жер таласы қайта қозгалады. Ауыл ақсақалдарының кенесімен Айқынбай балалары Абайға жүргінске барады. Жора устінде Кәріпбайдың өз шекесін өзі кескені анықталады. Абайдың билігі бойынша көлденең ағайындарының Оспанбайға кескен ат-шапан айыбы өзгертиледі, оның берген малын Кәріпбай қайтаратын болады. «Жер бәйбішеге екі есе, тоқалға бір есе есебімен бөлінеді. Бәйбіshedен туған Кәріпбай мен Оспанбай екі есе жерді екеуі тен бөліп алсын. Ал тоқалдан туған екі ұл – Иманбай мен Жаманбай бір есе жер алып, тілектеріне сай, өзді-өзді бөліспей, риза болсын», – осылайша Абайдың билігімен жер дауы біткенді. (айтуши – Эрхам Қекбайұлы Ысқақов. Одан Көтібақ руынан Базарбай Науанбайұлы жазып алған. 1958 жылы ол 68 жаста).

6. Абайдың Еркежанды жүргініске отырғызуы. Абайдың інісі Оспан өзімен аралас-құралас жүрген әрі сенімді құрдасы Көтібайға (Керей руының Тобықтыға сіңген Құнанбай кезіндегі бір бөлігі) :- Менің көзімнің тірісінде Көтібай, сен менен енші алып, бөлек шықшы, – деп оның еншісіне бір сиыр, бір бие, бір түье, он қозылы саулық, оның үстінен экесі «Құнанбайдың шиі» аталатын қорықтан Майтубек дейтін жерді шабындыққа бөліп беріпті.

Оспан өлгесін, үш жылдан кейін, ел бауырға, яғни күзгі жайлауға көшіп келіп, шабылған шөпті қорага тасу басталғанда шаруаңы аралап жүрген Еркежанның (бул кезде Абайға атас-тырылған) көзіне Майтубекте үолі-үолі шөмелелер түседі де:

– Мына шөпті неге қалдырындар? – деп, тасушиларға сұрау салады.

– Бұл шөп – Көтібайдың шөбі.

– Көтібай ешқандай шөпті арқалап әкелген жоқ. Шөпті қораға тасындар, – деп Еркежан бұйырыпты.

Көтібай бата алмай жүріп, Абайға барады. Сөз де айта алмай, үнсіз отырып кетейін деп тұра бергенде, Көтібайдың көзінен сорғалап акқан жасты Абай сезіп қалады да:

– Эй, Көтібай, бері келші, отырши, сен неге жыладын? – дейді.

– Әншейін.

– Әншейін емес, бері кел, сенің көзіңің жасында бір сыр бар.

Уш түрлі жылас бар: шын жылас, біреуді мадактап жылау, сонсоң біреуді алдап жылау... Сенің көзіңің жасы – шын жыластың жасы. Сырынды айтши, неге жыладын? – деп Абай тежеген соң Көтібай: – Кенже Оспан есіме түсіп кетті, – дей салады. Сонда Абай: – Әкем бір, шешем бір, ең жақсы көретін кенже бауырым Оспанға бұл күнде мен жыламағанда, сен жылайтын себебің не? – дейді.

– Өзіңіз білесіз, Оспан маған енші беріп еді. Сонда маған шабындыққа Майтүбекті ұсынған. Биыл шауып қойған шебімді Еркежан бәйбіше қораға тасыттырып, үйіп алыпты.

– Шөп сенің екенін біле ме?

– Тасушилар айтқан екен, оған қарамапты Еркежан бәйбіше. Далада шаруашылықпен жүрген Еркежанды Абай шақырттырып алыпты. Үйге кіріп келген Еркежанды Абай өзінен жоғары, ең төрге отырғызыпты. Оған Абай:

– Кәдімгідей жұғініп отыр, – дейді.

– Болды емес пе?

– Енді екі қолынды салалап, тізенің үстіне сал. – Бәрін орындағаннан кейін Абай Еркежанға:

– Мына Көтібайға сені қыздай алған байың Оспан марқұм, менің туған інім кезінде шабындық берген, оны өзің білесін. Сонша тарлық жасап, сол шабындықта үйген шебін қораға неге тасытып алдың? Осының артын анғардың ба? Көрген-білген әділдікті Абай алдымен үйінде орнатып алсын деп көзімізге шұқып, жүзімізге таңба салмай ма? – деген Абай сұрауына

Еркежан тіл қатпай, үндемей, өң-түсі қашып отырып қалады.
Көтібай бұның бәрін тыңдал, үнсіз отырады.

Шөп тасуышыларды Абай шақырып алып: – Көтібайдың шапқан жерінен қанша шөп тасып алдындар? Енді сол қораға тасыған шөпті Көтібайдың шебінен екі есе артық етіп, оның қорасына тасып, үйіп берініздер, – деп билігін айттыпты. Бұл билікті естіген Еркежан үнсіз жүгініп отыра беріпті (айтуши: Қасен Балғабайұлы, Абай ауданы, 1958 жыл).

Абай және жесір дауы

Жесір дауы Қазақ қоғамында көп тараған даулардың бірі. Салт-дәстурді мейлінше мықты ұстаған, ру тәртібінің әлі каймағы шайқалмаған ерте кезеңдерде жесір дауы аз кездесетін. Абайдың заманында, яғни XIX ғасырдың екінші жарымында көшпелі қазақ елінің шаруашылығына да, әлеуметтік-саяси жағдайына да, тұрмысына да, санасына да бірталай өзгерістер енді. Жесір дауы көбейді. Оның жаңа түрлері шықты. Ел басына талай алуан қынышылық туған кезде жесір дауы халықтың күйзелісін күшайте түсті, іштей ыдырай беру себебінің біріне айналды.

Ресей патшасының отарлау саясатымен бірге қазақ халқына Еуропа мәдениетінің рухани байлығының лебі келе бастады. Адам теңдігі, жыныс теңдігі сияқты жаңа ұғымдар қазақ сахарағында, есірессе оқыған, сезімтал жастар арасында тарады. Ескі салт-дәстурді, әдет-ғұрып зандарын бұзбай ұстауды қөксеген топтар құрылды. Бұларды ескінің адамдары деуге болады. Жаңадан бой көрсете бастаған топтардың пікірі – қазақ қызы-әйелдерінің ауыр халин женілдету, олардың бас бостандығы мен теңдігіне мән беру, осы арада әдет-ғұрып зандарын ақылмен пайдалану. Бұл ағым Еуропа мәдениетінен хабары бар, озық ойлы көзқарасты орыс, татар интеллигенциясымен аралас-құралас жүрген халықты оку-білімге, ағартушылыққа шақырған қазақ азаматтарының арасында болды, осындај жаңа ағымның ірі өкілінің бірі Абай еді.

Қазақ салт-дәстүрінде, әдет-ғұрып занында әйел мәселесіне, жесір дауына арналған ережелер көп-ақ. Олар «құда болып құрмаласудан» бастап, «қалың мал», «шымылдық байгазы», «беташар», «ақ баталы жесір», «ақ некелі әйел», «әменгерлік»

сияқты қыз-әйелдердің өміріндегі орнын қамтиды. Осыларға байланысты дау-таласты шешу ретін баян етеді. Әйел нәсілінің теңсіздігі мен қоғам өміріндегі әйел орнын кемітетін ескі әдет-ғұрыптардың, заң ретінде жүрмесе де, әсері әлі де жоқ емес еді. Оған – «Кұдалық қырқынан шыққан ұл-қызға журе бастайды» атты салт күэ. Әйел, жесір туралы қағида-ережелер әдет-ғұрып заңында ерекше мол орын алған. Олар қысқаша тұжырымды нақыл сөз өрнектерімен берілген. «Әйел құны – ердің жарты құны», әменгерлік – «ерден кетсе де – елден кетпейді», айыпқа «қыз бастаған тоғыз» беру, қызды бітім құралы ретінде ұстау, «қатын мал иесі емес», «қатын қайратты болса, қазан қайнатуғағана жарайды», тағы осылар сияқты қағидалар күшін әлі жоймаған.

1. Абай өзінің беделін, білімін, әдет-ғұрып заңдарына жеткітігін, би атағын қуған, жәбір көрген, азды-көпті бас бостандығын тілеген қыз-әйелдерге көмекке жұмсады. Абайдың туысқан-тумаларының жасып қалдырған естеліктерінде осы туралы бірталай деректер бар. «Әкем жесір әйелге, жетім балаға қатты қарайлласатын», – дейді келіні Камалия. Оның айтуынша, бір күні Әліман деген жас әйел «әкеме қарсы қарап отырып, көзінің жасын моншактатып жіберді де, ауыр күрсініп: «Менің күйеуімнің (аты Шөте) өлгеніне бір жыл толып еді. Жасым 23-те, жалғыз еркек балам бар. Туысқандар мені бірімізге тиесін деп тыныштық бермей жатыр. Мен байға тимеймін, маған көз қырыңызы салыныз, басымды талқыға түсірменіз. Ағажан, алдыңызыға арыз айта келдім», – деп көз жасын тыймай жылады. Біраз әңгімелесіп, қал-жағдайын сұрасып болып, Абай осы жесір әйелдің ауылы – Топай руының басты адамдарына хат жазып берді де: – «Енді ешкім тимейді, үйіңе қайт, балаңды тәрбиелеп өсір, шаруана ие бол», – деп ақылын айтып шығарып салады».

Ақбордақ дейтін жесір женгесін (Мамай руынан, кедейдің қызы) қайнысы (Кұнанбай ауылына жақын адам) әменгерлікпен алам деп зорлық істеп, қаранғы үйге қамап қойыпты. Әйел қамаудан қашып шығып, Абайға келеді. Абай бұл әйелге де бас бостандығын алып береді.

2. Жас кезінен өнерге үйір, домбыра тартумен бірге скрипканы да Абайдың қолдауымен игерे бастаған бір шәкіртінің баласы – Мұқа Семей дуанына қарасты елдің болысының баласы өлгеннен кейін, оның Батиха атты келінін алып қашады. Әдет-ғұрып тәртібі бойынша «ақ баталы жесір» өлген күйеуінің туыстарының біреуіне шығуға тиісті. Қашып кеткенге жаза да, айып та үлкен. «Жаным қалса, Абай арқылы қалады» деп, Мұқа сүйгенімен Абайдың ауылына барып паналайды. Іс дауға айналып, Абайға сөз тие бастайды. Дауды өршітпеу мақсатымен Абай өзі барып кездесіп, шешендігі мен беделін салып Әлімқан болысты тоқтатады.

Келініңе ол бостандық беруге көнеді. Бұл жерде Абаймен сыйластығы да қымбат болған сияқты. Кейін Мұқа мен Батиханы Абай өзінің қарауына алыпты. Олар Семейдегі «Народный домда» – қазақ халқының әні мен күйінен концерт беруге қатынасқан (жаздырған: Ақметқали Жанбосынұлы, 60 жаста, сүйегі Уақ, Семей қаласы, 1962 жыл).

3. «Өз жесірін өзі алса – бітім жақын» деген, Абай атымен аталағын, қағидаға айналған шешімнің шығу тарихына тоқталалық.

Семей уезінде қарасты Көкен болысынан Нұркө Шыңғысұлы мен Абай әрі замандастар, әрі дос екен. Достықтың аяғын күдәлікпен жалғастырмақ боп Нұркениң қызын Абай Мағауия деген баласына айттырады. Қазақ ғұрпымен мал алысып, Мағауия Нұркениң қызына жасырын күйеу болып келіп, қызбен жолығады. «Қол ұстату» деген күйеудің малымен, жыртыспен баратын, белгілі тойы болмақ болып, Абай Мағауияны қайнына жүргізбекші болғанында Мағауия «Нұркениң қызын алмаймын, күйеу болып бармаймын», – деп көнбейді. Абай баласына зорлық қылмайды. Ойлансын, жастық қылмасын, Нұркө мен менің достығымды айырмасын деп Мағауияға ойланарлық сөздер айтады. Кейінгіге қалдырады. Бұл хабар Нұркениң ауылдарына да естіліп, қыздың құлағына да шалынады.

Осындай күндер өтіп жатқанда Нұркениң қызы әкесімен де, Абаймен аралас, оларды қатты сыйлаушы, үйге келіп-кетіп жүретін Көкше – Тобықты, Белағаш болысында тұратын Айтқазы

Жексенбайұлы деген жігітпен кездеседі де, басындағы қын жағдайын айтып келіп: – Сізді сыртыңыздан естуші едім адал, на мыскер жігіт деп, енді өзіңіз кез болдыңыз. Абай баласының жесірі болған соң, сыртқы көзге басым байлаулы. Сөзге тұрсаңыз ерлік қылып мені алып қашыңыз, жар қылмай, күң қылсаңыз да ризамын, жалғыз-ақ Мағауияның мазағынан құтқарсаңыз болды, – деп қыз Айтқазыға жабысады. Айтқазы үйіне қайтып, қызыға үәде байласқан құні түнде 10 жігітпен келіп қызды алыш қашады. Нұркө қызының қашып кеткенін білген соң Абайдан ұялып, не қыларын біле алмай сасады да, Абайға хат жазып кісі жібереді. «Өзіңіз Семейге келіңіз, сол жерде ақылдасайык», – депті.

Хатпен танысқаннан соң Абай: «Нұркө қызын өз қолынан берген жоқ шығар, Айтқазы екеуімізben де дос еді. Бүтін оған аттана шауып жаулық ізdemейік. Бір айдан кейін өзім Семейге барамын, соңда бір ақылы болар», – деп жауап қайтарады.

Нұркө Абайдың сөзін күтіп жата береді. Айтқазыға кісі жібермейді. Айтқан мерзімде Абай Семейге келеді. Нұркө Абайға бұрынғы достық қалпында амандастып, сойлесіп отырады. Қайтатын мезгілі болғанда Нұркө сөз бастайды: – Абай, екеуіміз әуелден дос болып едік. Тобымызды сүйек айырсын деп, құда болып, екі баланы қостық, кінә сіздің баладан да болды. Менің балам шыдамсыздық қып қашып кетіп, мені Сізге қарабет қылды, Сізден қатты ұялдым. Ендігі ақылын өзіңіз табыңыз, – дейді. Соңда Абай:

– Эй, Нұркө, сөзіңнің бәрі рас, бірақ өз басың таза, көnlін ақ болған соң ұялуың жөн емес. Тентектік екеуіміздің баламызда да болды деп өзің айтып отырсың. Ендігі менің тапқан ақылым – өзіміздің бұрынғы достығымызды айырмай жүре беру. Айтқазы Тобықтының баласы, алса өз жессірін өзі алды, зорлықпен алған жоқ шығар. Қыз мұңын шаққан соң, ерлік мінезі ұстаған шығар, мен оны да кінәлап қумаймын. Осы кездесуімізben аяқталсын, басқа ақылым жоқ, – депті.

Бұл сөзден кейін Нұркенің көnlі тұнып, үйіне қайтады.

Өзі жасырын Семейге келіп, осы әңгіменің бәрін естіген Айтқазы Абайдың жатқан пәтеріне келіп, үйге кірмей, есік

алдында тұрып бір жолдасын Абайға жібереді: Барып, Абайға менің сөлем беруге келіп, есік алдында тұрғанымды айт дейді. Абайдың рұқсатымен үйге кіріп, тәмен келіп отырады. Сонда Абай: – Эй, Айтқазы, бұрынғылар айтқан, «досын да ер болсын, дүшпаның да ер болсын» деп, бір жағы сен менің інім, бір жағы досым едің, ерлік бетінді мен қайырамын ба? Бұрынғы орныңа отыра бер, – дейді. Айтқазы: – Абай аға, өзіңіз ерке қып өсірген соң өлерімді білмей өрге шауыппын. Сіздің менің ісімді кек көріп айдатып, байлатқаныңыздан «өз тентегім» деп кешірім қылғаныңыз ауыр болды. Өлімнен ұят күшті деген осы екен, кінәлі болғанымды біліп, өзіңізге келдім, – дейді. Абай: – Мен басынан кешкем, енді шын кештім, – дейді де, басқа әнгімеге көшеді.

Кейін бұл іс күтпеген жерден үлкен шиеленіске айналды. Абаймен басы араз, бір жақ елге басшы болып жүрген Оразбай Жалпақ деген жерде болған Семейге қарасты 4 уездің төтенше билер съезінде, Абай мен Нұркенің келмегенін пайдаланып, Тобықтыдан келген билердің басын қосып: – Бұл Нұркे аяқ астында отырған аз ауыл Уақ еді. Тобықтының алалығын пайдаланып Абайдың жесірін басқа біреуге беріп жіберді. Оған Абай кектеніп жауласуға маган сенбеді.

Нұркे Оразбайға қосылып кетер деп қорықты. Сондықтан Нұркे мал да, айып та бермей кетті. Біз тубі бір Тобықтының баласымыз, Абаймен араздығым үшін ел намысын сатпаймын. Осы съезде Нұркеден жесір даулап, берген қалың малымызды айыбымен қайтар деп съезге арыз түсірейік, – дегенине бірката Тобықтының билері еріп: – Абай кешсе де, біз кешпейміз, жесір көптің жұмысы, – деп желігіп, Абайдың жакыны Қазыбек дейтіннен арыз түсіреді. Нұркені съезге шакырады, бірақ ол келмейді. Арызды қараушы билер Нұркे съезден қашты деп қорытындылап, сыртынан Қазыбекке 15 түйе қалың мал төлесін, 10 ат айып төлесін деп билік айтады.

Нұрке Тобықтының бұл билігін кек көріп, Көкен болысының басшыларын жинап, Тобықтыдан жер даулатпақ болып ұш уәкілдін атынан уезге арыз түсіреді. Аямай шашқан ақшаның арқасында

Семейден землемер барып, Шыңғыстың Сарша, Ақжол, Білде, Жылыөзек деген бірталай қоныстарын Көкенге береді. Бірақ көрші отырган Абайдың қонысына тимейді. Жері кеткен Оразбай, басқа да Тобықтылар амалы жоқ Абайға барып: – Біз Нұркемен жауласпай, жерімізді кумай отыра алмаймыз. Сен өз жеріме тимеді деп Уаққа бар ағайынның жерін тонатып қоясың ба? Жоқ Тобықты аруағын жоқтайсың ба? – дейді. Соңда Абай: – Ей, ағайын, тыныш жатқан Нұркеге өздерін тиістіңдер. Мен Нұркеде жесірім кетті, малым кетті, соны даулап алып беріндер деп сендерге айттым ба? Екіншіден, осы жер болғанда Нұрке мен менің қатысым болды ма? Қонысымды өзіме сұрадым ба? Енді келіп тыныш жатқан маған Нұркемен жаулас-даулас дегендерін жөн бе? Менен басқа Тобықты баласы Уақпен жауласуға жетерсіндер! Жәй жатамын, тынышыма қойындар, – деп іске кіріспейді.

Жері кеткен ел Абайға өкпелеп, Оразбайдың айналасына топтанады.

Екі болыстың, Көкен мен Шыңғыстың арасында, бірін-бірі қаралап түскен арыздар көбейіп, жанжал күшіне түседі. Арқат деген жерде уез өкімінің өзі қатысқан билердің төтенше съезінде Нұрке жақ басым болып, Тобықтының ұрыларды сүйейтін адамдарына мал кескізіп, абақтыға жабу үкімін шығара бастайды. Нұрке уез басшыларымен сөздес болған соң оларға қарсы тұрып, қайрат қыларлық Тобықты адамы болмайды. Тобықты мықтыйлары сасқан соң үйінде жатқан Абайға тағы да кісі жіберіп: – Нұрке уезге өзінің сөзін сөйлетіп, Тобықтыдан мал мен бас алып жатыр. Бір тоқтау қылmasа, Тобықты елдіктен кетті. Әншейінде қадірін білмейді екенбіз. Енді бізді туысқан дейтін болса келсін, – деп шақырады. Абай көптін сұрағына шыдай алмай, Нұркеге хат жазып, кісі жібереді. Абайдың хатын оқыған соң Нұрке уез әкіміне барып, Тобықтымен қазақшылап өзінің бітіспек болғанын айтып, съезді тарқатады. Ақыры Тобықтыда акым бар деген Уақтың кісілерін Нұрке Абайға жүгініске жібереді.

Екі жағы да Абайдың шешімін барына мал, жоғына күмән алып тоқтасады. Тобықты мен Уақтың қарым-қатынасы бұрынғы сыйлас-көршілес қалпына қайта келеді. Ел аузында бұл оқиға

«Өз жесірін өзі алса – бітім жақын» деген Абай билігі ретінде сақталды. (Фылыми кітапхана, қолжазба қоры. «Абай туралы материалдар», № 628 іс, 160-163-беттер).

3. Абайдың інісі Үісқақ Мұқыр елінде болыс болған 1870 жылдардың аяғы. Құнанбай қартайып, қажылық жолына түсіп, ел билеуден қалған кез.

Үісқақ болыс Есболат пен Жуантаяқ деген елдердің ортасынан үй тіккізіп, билер съезін ашады. Бұндайда әр уақытта басшылықты Абайға берген. Бұл жолы да солай болды. Билер кеңесінде қаралған көп даудың бірі – қыз Қадишианың арызы. Оның тарихы: Тоқалдан туған шешесі ерте өліп, жетім қалған қызы Қадишианы әкесі Пазыл (Жуантаяқ ата баласы) Есболатқа құда болып, бір жігітіне атастырады. Қадиша оны менсінбейді. Бошан – Ақбота елінен Олжабай деген жігітпен көңіл қосып, серт байласып, кетпекші болады. Бұрында Қадишиға сөз айтып жүрген жігіттер бар-ды. Оларға көнбейтін. Олардың бесеуі бірігіп, аңдып жүріп Олжабай мен Қадишианы ұстап алышп, Олжабайды сабап, екеуінің аяғына кісен салып, Абай басқарған билердің съезіне алып барып, жазалауын сұрайды. Жүргінске отырар алдында Абай аяқ-қолдарын кісеннен босатады. Қадиша өзінің сөзін өлеңмен айтады:

Қадиша менің атым, әкем Пазыл,
Жастьқта жараспай ма құрган әзіл.
Айдалым бул съезге келіп түрмyn,
Бетіме айдай таңба түсіп әжім.
Алдыңа келіп түрмyn Абай аға,
Бар шығар Сіздерде де мендей бала.
Айдаган кісен салып жыны топка,
Бар ма еді, бұрынғыдан қалған мұра?

Қыздың әкесі Пазыл жағын, оның құдасы Есболат адамдарын, кісендеген бес жігітті тындағаннан кейін Абай тұжырымын жариялады: – Мына Қадишианың басы бос болсын, өзі сүйген Олжабайға барсын. Пазыл жағы Есболаттан алған қалың малдарын қайырып берсін. Бес жігіт кінәлі болса да кінәсіз, олар әдет-ғұрып салтына сүйенген, олардың пайдасына Олжабайдан

бір түйе айып кестім. Осымен бітісіндер. Соңда Есболат жағы:
– Абайжан, Пазылда мал жоқ, келініміз кетсе де, малымызды
кетірменіз, – депті. Бұл сөзге Абай: – Олай болса, мына Олжабай
мен Қадишаны жазықсыз ұрып, кісен салған бес жігіт сендердін
малдарынды төлесін, – деп кеседі.

Бұндай әділ билікті бұрын естімеген, мүмкін деп те
ойламаған Олжабай мен Қадиша бостандық алғанына ризалығын
білдіріп, қуанғаннан көздеріне жас алып, Абай ағасының алдына
тәжім етіп жүріп кетеді. (Бұл биліктің желісі мазмұны жағынан
бірдей, үш жерден алынды: Ғылыми кітапхана, колжазба коры,
№ 631 іс, 25-27-беттер; Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы,
«Абай туралы естеліктер», Кәрім Ақбергенұлының материалы;
Кенгірбай ұрпағы Ахметбек Мұртазаұлының айтуынша 1958 жылы
жазып алдык).

4. Сыбанның қызы Зылиқаны Керейдің Шақантай деген
жігітіне айттырады. Қалыңдық ойнап жүргенде күйеу бала
қайтыс болады.

Жасы алпысқа келген Сабатыр әменгерімді жібермеймін деп
Зылиқаны тоқалдыққа алмақ болады. Қыз қарсы, қонбейді.

Сыбандықтар қызын Сабатырға бергісі жоқ. Қыздың
қалыңмалы әуелде 200 қара болып тағайындалған-ды. Екі атаниң
арасында екі жылға созылған жаңжал ұлғайып, барымталап
жылқы шауып алу өріс алады. Соның біреуінде Керей жақ
Сыбанның 170 жылқысын барымталайды. Бірнеше рет биліктен
өтеді, бірақ та бітіске келмейді.

Карқаралы уезі мен Семей уезінің бас қосып Аягөзде шақыр-
ған съезінде бұл дауды бітірсе, Абай бітіреді деген қорытынды
жасап, екі жақтың келісімін алып, Абайды Төбе би сайлайды.
Абайдың сұрауы бойынша, оған көмекке Ысқақ пен Шәкәрімді,
Жиренше мен Оразбайды береді. Тергеу үстінде бұлардың
өздерінің арасында пікір талас туады, көпшілігі қызды Керей
шалына тоқалдыққа беруді жақтайды. Абай өзінің билігімен
Зылиқаға бас бостандығын береді.

Оның тумалары Керейден алған қалыңмалын қайтарады.

Барымтанаң білінгендері толық есепке алынып, білінбей
күмән ретінде қалғандары «сырымта» болып есептен шықкан.

Дау бітіп, елдің өзара тыныштығы орнаған. (айтушы: Зылиқаның тумаларынан естіген Бірім ақсақал; Семей облысы, Покровка ауданы, Қарасуда тұрады, сүйегі Уақ, 1961 жыл).

5. Мұқыр болысына қарасты Көкше руынанбай Шоламбайдың 23 жастағы жалғыз баласы Әзімқан қайтыс болады. Жетісіне жетпей жасы 70-тен асқанда өзі де дүние салады. Екі жас әйел жесір қалады.

Әзімқанның әйелі Батыrbай 22 жаста, ұл баласы Балтақай 2 жаста, Шоламбайдың тоқалы Аналық 25 жаста, Ырғызбайдың нәсілінен, өзі сұлу, ақылды, «ұжымактың қор қызындай» деп аталған. Қаралы жыл өткен соң сырт ағайын, Көкшенің басшылары жиналып екі жесірге орын белгілейді. Әменгер көп. Тек Шоламбайдың экесі Бозамбайдың 10 баласының тұқымдары бар. Ақсақалдар алдыменен Аналықтың тағдырын шешті. Өйткені ол байдың әйелі, оның үстіне Ырғызбайдың нәсілінен, «разы болмаса Көкшенің кулін көкке ұшырады» деп сескенді. Аналықты маңдайалды жігіттердің бірі Нұрымбайға (Бозамбайдың ұлken баласы Сатының ұрпағы) тигізуге байлау қылады. Екі жағы да риза болып, еншісіне тиғен 100 жылқы, 150 қой, жасау-жабдығымен Нұрымбай ауылына көшірліп жіберіледі.

Екінші жесір Батыrbайға Бозамбайлықтардың арасында талас ұлғая түсті. Кенжегұлдың баласы Алтынқан бұл рет менікі, «мен аламға» салады. «Қатынды алам, ал маған бұйыртпайды екенсіндер, малдың жарымын алайын. Саты тұқымы ұлken марқалығынан бір қатынды алады. Мен Кенжененің тұқымы бола тұрып қалайша қатыннан құр қалам? Егер айтқаным дәл келмесе өлемін, я біреуді өлтіремін, бірге айдалам» деп жерді қамшысымен сарт-сарт еткізіп, жапырылып жатқан көкорай шалғынды таптап, шаңын шығарады. Оны Батыrbай ұнатпайды.

Көпшілік те үйғармады. Алтынқан тоқтамға көнбеді. Жиын-жиылыс бірнеше күнге созылады. Ақырында жесірді Бозамбайдың екінші баласының тұқымы Шыңғайға тигізуге байлау жасалады. Батыrbай ырза болмайды, неке оқытамыз дегенде неке суын ұрттамай, ойбай салып үйден шыға жөнеледі. Шыңғайды үйіне кіргізбейді. Аузы дуалы ақсақалдар жесірге де, Алтынқанға да ақылын, сөздерін тындана алмайды. Алтынқанға: «150 жылқы,

100 қой енші берелік, тоқта, шырағым» десе де, «Батыrbайды мен аламын» деуін қоймайды.

Жиылыс сайын Бозамбайлар көпшілік алдында керілдесе, боқтаса келіп, жұдырық жұмсап таяқтасып кетеді. Бас жарылады, қол сынады.

Жесір Батыrbай мен оған әменгерлікке үйгарған Шыңғайдың арасы шиеленісе түсті. Жазған күйеуі оны көндіремін деп төбелесуге шейін барады. Батыrbай көнбеді, кейде Шыңғайды көтеріп соғып тепкілеп тастайды, ауыл адамдары айырып алады. Шыңғай зорлықпен үйге кірем десе, қолындағы қарыс пышағын жалақтатып, бір қолына баласын ұстаған бойында, кәне келіп көрініші, қайнаға, құдай біледі жарып тастаймын, нең бар менде, мен байға тимеймін деп ойбай салады. Осылай күндер өтіп жатты...

Алтынқан бұлік салуын да тоқтатпайды. «Батыrbайды қайтсем де мен аламын» деуін қоймады. Әсіресе ел жайлауға шыққанда қонысы Шыңғай ауылымен қатарлас келсе, екі жақ болып колдарына сойыл-шоқпарын ұстап төбелесулерін қоймайды. Қызыл жоса болады, бас жарылады, қол сынады, төбелеске қатындары да араласады. Көшіп келе жатқан бейбіт елдің түйесі үркіп, жүгі аударылып, қазан-аяғы қирайды.

Бұлік асқынып, насырга шапқасын тағы да көпшілік жиналады. Бұл жолы сырт ағайындары – Тобықты мен Мұқырдың бірқатар жақсылары бас қосады. Олар Батыrbайды Шыңғайға көндіруге тырысса да, нәтиже шықпайды. Алтынқанға да бұрынғы жоба мен сыбағаңды ал да, өуреленбей-ақ қой десе – ол да өрши түседі. «Қатынды алам, басымды тіктім» деп отырып алады. Шыңғайға да: «Көнбекен, разы емес қатынды қайтесің, еншінді берелік», – десе, ол да көнбейді. «Билікекеу ме, мені мазақтайсындар ма? Батыrbай некелі қатыным, көнбесе төрт аяғына төрт казық қағып тұрып керіп көндіремін» деп бураша шабынады. Ақсақалдар айтқан ақылын алғыза алмай, өздері де киналады, әуреге түседі. Ақырында Олжай ақсақалдың пікірі қабылданады. Оның ұсынысы: Бұрын талай тазды емдеп едік, аузымыздың duасы кеткен екен. Біздің шын ұшығымыз Бозамбайларға – бай балаларына даритын емес. Мениң ойымша, бұларға Абайдан басқаның емі қонбайды,

күдай біледі, Абайдың алдында біздің алдымыздағыдан бұлар тұра жүгіріп төбелесіп кетпейді. Тіпті даурыға да алмас деп ойлаймын, Абайдың салауаты басып кетер десе, оны көпшілік мақұл көреді.

Ауыз керісіп отырған, ала көз болып алған Бозамбайларды шақырып, ақсақалдар өз байлауларын естіртсе, олар: қайда айдасаңдар да барамыз, би таңдамаймыз, – деп мақұл алыпты. Сонымен көпшілік Абайды шақыртпақ болады. Болған істін жағдайын айтып хат жазылады.

Абай Мұқыр елінің болыс, басшыларын тілмәш, стражниктерін де қатыстырып, Тасқұдық дейтін Бозамбай ауылдарының жерінде билер мәжілісін шакырады. Бұрыннан Абай келген жиынға адам көп келетіні мәлім. Бұнда да солай болады. Тікелей жұмыстары болмаса да, Абай келді деген хабарды ести сала атпен ерте шығып кештетіп жететін қоныстардағы адамдар көп жиналады. Олар Абай сөзін тыңдағысы, есіткісі келеді, көрмегендер оны көріп қайтады. Жиын басталады. Абай сөзін көпшілікке, ақсақалдарға арнап былай бастапты: – Қазак әдетінде әке дәулеті, жер, су, мал-мұлік – ерек баласына мирас. Әкенін мираскоры – ерек баласы. Жетімге, жесірге болысу – ата-баба, мұсылмандықтың белгісі. «Жетім жыласа – жер-көк тітірейді» деген үлгі сөз бар. – Енді болыс, тілмәш, стражниктерге қарап: – Қол астарыңызыдағы елде екі жас – жарым-жетімнің малын талап алып үлесіп, сүйемеген жесірді еріксіз ұрып соғып, қөндіргісі келеді. Күш қолдарында емес пе? Болыстық ұзын наиза, жүйірік ат сықылды емес пе? Не шаптай, не шанышпай тентекке бір сөйлесіп, есекке бір сөйлесіп, ұрыға бір сөйлесіп, құрыға бір сөйлесіп, көлендеп көзден тайып, тасалап, дөң көрінбей жүргендерің мақұл ма? Протокол жазып, қол қойғызып жоғары ұлыққа бермейсіздер ме?

Абайдың бұл сөздері жиналғандарға, соның ішінде Бозамбай тұқымдарына қатты әсер етеді.

...Бұдан кейін Абай үйді шамалы уақыт онашалап, болыс, басшылармен сөйлесіп алып, жесір әйел Батыrbайға атасқандарды бір-бірлеп шақыра бастайды. Алдымен түгі сыртына тепкен Алтынқан келеді. Абай оған жиылыста отырған басшыларды

атайды: волостной управитель Әбен Бітімбайұлы, волостной писарь Алексей Познаков, ақсақалдардың ішінде Олжай Сапақұлы, тағы басқалар, – деп келіп сөзді өзіне арнайды. Абай: – Бұл адамдар сіздердің асқынып кеткен жанжалдарынызды әділетпен жайғастыруға, ұғындыруға жиналышп отыр. Егер бұл жанжал бұл топтың басынан асып ұлғайып кететін болса, бастығы сіз болып жанжал иелері тиісті орындағы жоғары ұлық алдында (орыс әкімдері) жауапқа барасыздар. Сол үшін өзінізді Хакім алдында деп есептеп, тымағынызды қолыңызға алып, қамшынызды тастанап, төрге қарай жүгініп отырыңыз. Енді жете алмай жүрген арманынызды ашусыз айта берініз, – дейді. Алтынқан бозарып, өзгеріп, бұрын малдың жарымын аламын деп жүрген, енді: – Маган ұлкен үйдің малының керегі жоқ, қатынның қара басын алсам, іргеден шығарып алсам деймін, арманым сол, – деп бітіреді.

Абай: – Бұл қатынды алған адам іргеден шығарып алмайды, кім болса да байдың үйіне кіреді, дәүлетін өсіремін, өшірмеймін, өз басым ішіп-жемеймін деп, ант етіп, уәде береді. «Дос жылата, дүшпан құлдіре айтады» деген, Сіздің байдың үйіне кіріп қатын алуыныздың тіпті орайы жоқ, қыдырлы табалдырықтан аттайын дегениңіз өзінізді-өзініз білмеушілік, – деп айта келіп, – көпшілік бұған айтартыңыз бар ма? – дегенде ақсақалдар: бұрыннан осыны айта-айта жағымыз қарысты, – деп бірауыздан сөйлейді. Алтынқан көнбейді: – Атқа мінгеннен басқа қандайлық тентек мінезім бар? Бір де біреуге бұрын ұмтылып көрген жан емеспін. Алыс жол барынтаға барғанда Тобықтыдан лақ азық алмай кететінімді ақсақалдар анықтатын шығар, – деп қарсылық істерін мойнына салады. «Сіз ұрлығыңызбен тұрмайсыз, әлініз келетін адамды, аз атаниң баласын алып ұрып тепкілейсіз, қадірлі ақсақалдардың айтқан ақылын алмайсыз!» – деп Абай біраз қысады. Алтынқанның көнбеске ылажы қалмайды. Аяғында: – Абай аға, міне құдайға шын пейілім, қатынды қойдым, енді ақсақалдар бұйырған енші малымды беріндер, – дейді де қағазға қол қояды.

Шыңғай шақырылды. Абай мен Шыңғай арасында болған айтысты келтірейік. Абай: – Шыңғай аға, Сізге жесір келініңіз

төлінген екен, келінің Сізге разы болмапты деседі. Үйіне Сізді жуытпай байбалам салғандықтан, жанжалдан жанжал туып, ұлғайып асқынып кетіпті.

Бүгін бұл жұмысты бітіріп, мұлдем тоқтатуға бастығы болыс, тілмәш боп, ақсақалдар келіп отырмыз. Келінің разы болмаса да, алғаным алған дейсіз бе? Қысқаша ғана жауап берініз. Шыңғай: – Абайжан, қатын алайын деген ойымда жоқ еді. Жоқ жерден ақсақалдар маған тигізді, некемізді қиғызды, мал сойып тойшық та жасады. Неке – екеу емес, біреу, алған қатынның – алған деймін. Абай: – Шыңғай аға, азырақ сөз тыңдаңыз. Адам баласының өмір жүзінде екі-ақ досы болады. Бірінші – әке мен шеше баласы үшін жанын қияды, жылы жүргегі бір сұымайды. Екінші – алған қатыны. Өзі бөтен елдің әлпештеп өсірген қызы болса да, құдалық жүргенде, көп естіп жүрген болса да күйеүін көргенше сағынып, тісі қышиды да журеді.

Ұрын келген күні женгелері апарып тапсырғанша құмартқан жүрегін баса алмай құбылып, аузына дәм салуды да ескермейді. Еркектен әйелдің құмарлығы қүшті. Аты көп бірбеткей жааралған, қара қайраты аз болғанмен жігер, намыс, ар-ұяты еркектен әлдекайда жоғары...

Бірін-бірі сүймеген әйел мен еркектен бала тумайды. Туа қалса, көбі жарымес, мылқау я мүшесі кем болады. Келінің Сізді ұнатпайды екен. Өзінізді ұнатпаған, пейіл бермеген безер жессір әйелді алғанда қандайлық рақат көрем деп ойлайсыз? «Жалақты мінген жауызды бағады, соқырды мінген ақсақты қағады» дегенді бұрынғы өткен ақылды аталарымыз айтқан. Ұрып-соғып, күшпен көндірмекші көрінесіз. Ойлап қараңыз, Шыңғай аға, заңда әйелді зорлау қылмыстың ең жоғарғысы саналатынын есіткен шыгарсыз. Разы болмаса да келініңізді алғаным – алған десеніз, Шыңғай аға, ақсақалдардың сізге айтқаны – айтқан, байлауы – байлау көрінеді.

Бетініңден қайтпайтын болсаныз жетім баланың малын есепке алып санап, қолыңыздан Законға лайық қолқағаз (расписка) аламыз да тарқаймыз. Ескеріңіз, ақыл-ойы жетпеген жетім малы қазына малы есебінде ғой, ішпей-жемей ол малды өсіресіз,

Балтақай (2 жасар баланың аты) оң-сол қолын танығанша сізден уақыт-уақыт есеп алып тұратын нанымды адамнан үш кісі сайланады. Ойланып айтасыз ба, жоқ қазір айтасыз ба? Жауап берініз. Шыңғай: – Абайжан, разы емес қатынды қайтесің деген көпшілікке көнбеп едім. Өмірімде алдынан кесе өтпеген, атын атамаған Олжекемнің де (Олжай ақсақал алғашқы байлауды жариялаған) тілін алмап едім. Алтынқанмен, осындағы тағы да бұзғыштармен көрісейін деп едім. Басымды байлаған да едім.

Сіздің бүгінгі сөзіңізден, қарағым Абай, зәрем ұшып кетті, сен етірік айтпайсың ғой. Мен шықтым. Келін разы болған күнде де байдың үйін баға алмаспын. Құдайшылыққа араз ашуым жоқ, жесірді біреуіне тигізе берініз.

Бұдан кейін ақсақалдар, отырған қауым Абайға қарап, қарағым, өзің осында бір Бозамбайға жіп тақ, айтқаның айтқан болсын. Біз бата берейік, шеберлігінізге разымыз, тәнірі жарылқасын айтамыз, өртті өшіруге айналдың, ендігісін де өзің жайғастыр, – депті. Осыдан кейін Бозамбайдың картайғанда алған тоқалынан туған Мырзаканды, таласқа түсіп жүрген басқаларды да шақырып, оларды пиғылдарынан қайтарады.

Жесір Батыrbай кіреді. Жауап қатпай, Абайдың алдында жылайды. Абай Батыrbайға: – Сөзді өзіңе қалдырық. «Өзі қылған өкінбейді» деген бар. Кімнің болса да етегінен ұстайтын күннің нақ осы сағат екенін есіңе алып, жауап бер. Мүмкін бүгінге шейін ақсақалдардың аузына ілінбей келген Бозамбайдың біреуіне бейіл берген шығарсың. Енді ақсақалдардың қарсылығы жоқ, ойынды айт, ұялма дегенде, Батыrbай бір қызарып, бір бозарып жанындағы Құнбазарға ақырын-акырын қубірлеп еді. Атағаны Садықан екен. Ол Уақбайдың ортанышы баласы еді.

Абай Садықанға шамалы уақыт насиҳат айтып, жетім балаға рақым көзben қарап, жақсы тәрбие беріп, сегіз жасқа толған соң оқуға бер деп, уәдесін алып, жақсы өмір сүрулеріне тілектес екендігін білдіріпти.

Барлық Көкше және Мұқыр елі болып, Абайдың шеберлікпен жанжалды басып, токтау салғанына рақмет айтып, разы болыпты.

Кейінрек Садықан Мұқыр елінің болысына сайланыпты. Оған Абайдың көмегі де болыпты. (Бұл естелік ретінде жазылған. Оның авторы Малдыбайұлы Берікбол 1939–40 жылы Ғылыми кітапханаға тапсырған. Әңгіме Әзімқан өлгенде «Мұқыр болысында Көкшеде едім» деп басталады. Қолжазба қоры, 1450-іс, 21-22-беттер).

Абай және мал дауы

1909 жылы Петербургте жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағында, осыны баспаға даярлаған жакын туыстары алғы сөзінде былай деп жазған: «Абай 30 жасында барша халық ортасында атағы жайылып белгілі болды. Бөтен елдің басшы адамдары құда-тамыр болып жақындық қылып, араздық, жаулық қылмай журді. Ұрлық қылған кісіге, зорлық қылғандарға жазаны аямай салып, қатты қысымшылық көрсетуші еді. Ұры аулының манынан жүре алмаушы еді».

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ қоғамының ішкі қайшылықтарының бұрынғыдан да гөрі шиеленіскең кезеңі. Ресей патшасының Қазақстанды отарлау саясаты тамырын кеңінен жая бастады. 182-1824 жылдары хандықты жойып, орнына өкімет әмірімен тағайындалған әкімдер, билер арқылы тікелей басқару жүйесі енгізілді. 60-70 жылдары Қазақ сахараасын басқарудың жаңа тәртібі орнатылды. Жоғарғы өкімет билігі түгелдей патшаның өз адамдарының қолына, губернатор, уездің әкімі (уездный начальник – «оязной») қарамағына көшті. Ел болыстарға, болыс старшина, ауылдарға бөлінді. Жергілікті халықтың уәкілдерінің шағын билігі осы араға ғана жүрді. Қылмыстық істер жаңадан құрылған патша сотына – «орыс сотына» берілді. Билер соты «жергілікті» азаматтық талас-дауларды ғана қарайтын. Бұндай саяси биліктегі өзгерістер халық қарсылығын, қозғалысын туғызды.

Шаруашылық күйзелісі, ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару тәртібінің бұзылуы, билердің сайланып қойылуы ұрлық-зорлықты көбейтті. Елдің тыныштығын алды, бұрын да айтарлықтай болмаған халықтың бірлігіне көп зияны тиді. Абайдың өз сөзімен айтқанда «ел басына қындық пен әуре туды, күйзеліс экелді. Ұрлық,

барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әне алып кетті, міне алып кетті» деп кемпір-шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді».

Жалпы мулік ұрлығы емес, мал ұрлығы көшпелі Қазақ ұлыстарында басқа қылмыс түрлеріне қарағанда бұрын да көп тараган. Оның бірталай себептері бар. Солардың ішінде, әсіресе, еске алатындары:

а) Халықтың шаруашылық, тұрмыс негізі мал, «байлық малда», «Малы бардың асы бар, асы бардың малы бар» – өмір сипаты еді. Ұрлықпен айналысып күн көрушілер әр уақытта, әр жерде болмақ. Оның үстіне, Ресейдің отарлау, қанау саясатының салдарынан, құнды жайлауынан қыла бастаған қазақ халқы шаруашылық құйzelісіне ұшырады. Кедейлік көбейді, сонымен бірге ұрлық өсті; ә) Бітпеген дау, алынбаған айып, төленбеген құн, осылардың арты барымтага әкеліп соқты. Ертеде барымта орындалмаған бітім мен билікке жауап ретінде қолданылса, кейін мал шапқынына айналды; б) Ру-руға, ру жіктеріне бөлініп, натуральды шаруашылығы басым, бірлігі аз елде шапқыншылық, зомбылық, әлсізге әлдінің әмірі етек алады.

Халықтың тыныштығына тікелей қауіп төнгенде, «жау жағадан алғанда» ғана «бірлік», «ынтымак», «бас қосу» ұрандары естіледі; в) Табиғилығы басым қарапайым елде кеткен кек, қорланған намыс, бітпеген бітім, кейде ғасырлар бойы арадағы тұтанар өрттің шоғына айналған; г) Қоныстары алшақ елдің малдарын түнделетіп айдал кету, малишаларын байлаң кету ертеректе жастардың, ұландардың жігіттігін әсірелесе, енді ұрлыққа айналды.

Хан менен төре қайда? Би менен бай қайда? Олар өріс алған ұрлық-зорлықпен неге табанды күресспеді? – дегенге келсек, көшпелі қазақ елінде басқару тәсілі әр уақытта осал болды. Бытыраған рулардың, ру бөлімдерінің өз алдына ханы я болмаса төресі, би бар-ды.

Олардың қарамағында, хандық дәүірдің өзінде де, бағынышты, жарлығын орындағытын арнайы жасақталған тұрақты (аппараты) тобы болған емес. Атшы, қосшы, хабаршы, шабарман сияқтыларды ұстады. Олар ең алдымен мырзалардың қосшысы,

жеке дәuletін қоруши ретінде жүрді. Төре-білердің арасында билікке, қонысқа таласуышылық күнделікті әдетке айналған-ды. Халықтың, ұлттың тұтастық бірлік сезімі ел басына қауіп тұғандағана, жау жағадан ала бастағандағана оянатын. Осындай жағдай – қазақ қоғамының әлеуметтік, шаруашылық өзгешелігінің, саяси құрылышы, дәүірінің өзіндік ерекшелігінің туындысы.

Құнанбай – Абай заманында, елдің, бүкіл ұлттың болашағы мен тағдыры таразыға түскенде еріс алып бара жатқан үрлых үлкен-кіші ұлыс көлемінде ауыр кеселге айналды. Бұны түсінген де бар, түсінбеген де бар. Көзі ашықтар, оқығандар, бірен-саран орыс – еуропа мәдениетінен нәр алғандар жастар арасында окубілім пайдасын үағыздаумен бірге, үрлых-зорлықтың қиянатын тереңірек түсінді, онымен құреске шақырды. Құнанбай, Абай сияқты ел басшылары үрлыхпен қатты арпалысты. Олардың құрестері өздерінің әулеті, ру көлемінде табыссыз да болған жоқ. Дегенмен де үрлыхтың тамырына балта шабылмады. Үрлыхпен құрескерлер тым аз еді. Көп жерде ру, ауыл басшыларының өздері үрлыхқа дағыданып, ұрылардың сүйенішіне, қолдаушысына айналған-ды.

Абай өзінің беделін, Қенғіrbай – Құнанбай әулетінің беделін үрлыхпен құресуге салды. Сөздің қадірі жүрген жерде шешен-дігін пайдаланды, жораға түскенде әдет-ғұрып, өнеге болып қалған ережелер жөніндегі білімділігіне сүйенді. Жүгініске отырғызып, билігін айтты. Осындай батыл да қатал істерімен Абай үрлых-зорлыққа біраз тыйым салды, шек қойды. Оның үрлыхпен, тағы басқа да қылмыстық істермен нөтижелі құресі аты мен беделін бұрынғыдан да асырды. Абай әділ, кеменгер би атанды.

Халықтың, ұлттың қамқоршысы ретінде танылған, тарихта аты қалған Мөңке, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Қаражігіт, Есет сияқты атышулы билердің, ел басшыларының жолын Абай қуды. Әділдікті ұран қылып ұстады. «Әділ бидің тұғаны жоқ» дегенді паш етті.

Абайға жүгініске келген даугерлер үш топқа бөлінетін. Біреулері – ұрыларды жазалайды деп, олардың басшыларынан

қанағат, жәрдем көрмей, ұрланған малын қайтару мақсатымен талапкер ретінде келетін. Екіншілер – жақ болып таласып, даушиленісіп, сүйек дағына айналып, елді аздыра бастағанда өзара бітімге келе алмай Абайдың билігіне құлдық деп келетіндер болатын. Үшіншілері – басқа билердің шешімін мойындармай, қайта қарауды талап ететін.

Абайдың ұрлық жөніндегі биліктепе әділдік, шындық жолындағы күресін айқындаиды, көпшілік санасына сіңген әдет-ғұрып заңдарының ізгі тәртібін ретті пайдалана білгенін көрсетеді. Баласы Тұрағұлдың «әкем іздең кеп жүгінгенге аз да болса салмағын досына сала айтатұғын секілді еді, тумаға тартуды ол әдет қылмады, ұры сүйегіш адамға ризалығы жоқ еді», – дегендері осыған айғақ.

Абайдың төмендегі билігі ұлғі, мұра болып «бір дауда екі сыйбаға тимейді» деген атпен қазактың жол-жоба ережелеріне енген. «Абай былай шешкен» екен деген тәртіп басқа билерге сүйемел болған. Абай билігінің осы ұлғісі туралы хабар бірінші рет 1945 жылы республикалық газетте жарияланды. Екінші ретте 1962 жылы Семей облысы Абай ауданының тұрғыны Жандыбаев Рахымның аузынан жазып алынды. Бұл биліктің екі нұсқасының мазмұн жағынан айырмашылығы жоқ та, кейбір кісі аттарында азды-көпті өзгешеліктер бар. Енді оның шығу себебіне келелік.

Мамай руынан Еламан ұрланған құнанын Сарбас руы ішіндегі Құлжабайдан көреді. Екі жақ келісе алмай тартысқа түсіп, ақыры Абайға жүгініске баруға келіседі. Екеуін де тындағаннан кейін бірден бітімін айтпай, «өзара келісерсіндер» деп екібесіндіге шейін үзіліс жасайды. Сол уақыттың ішінде Абай өз адамдары арқылы қосымша хабар алып, іштей шешімге келеді. Абай жауапкер Құлжабайға: – Құнаның қайтар, – дейді. Еламан, әлде ризалығынан ба, әлде көпсөзділігінен бе, «айтарым бар тағы да» деп, сөз алып, ұрлықтың мәнісін қайталап ұзак баяндайды. Абай намазшамға шейін үндемей отырып тындаиды.

Абай: – Сөйлеп болдың ба, Еламан? Болсан, – дейді де Құлжабайға қарап: – енді сен құнанды берме, – деп кесім шығарған. Еламан: – Бұл не дегениң, Абай? Абай: – Құнан саған

тиген еді. Оны сөзге айырбастадың. Құнаның орнына сөз алдың. «Саған бір дауда екі сыйбаға тимейді», – деп, соңғы бітім шығарған. Сонынан Абайдың бұл билігіне «атымыз шықты» деп, екі жағы да риза болыпты.

Ел аузына ілігіп, ұрпақ қуалаған Абайдың бір билігі «шынын айтқан шығынсыз құтылар» деп аталады. Ережелерге Абай қосқан үлгі ретінде саналған. Бұл да өзара байланысы жоқ екі адамның аузынан 1958–1962 жылдары жазып алынды. Айтушылар: Бекшойын Алпысұлы, Абай ауданының тұрғыны, аудандық заготскоттың Ақшидегі базасында темірші-ұста (1958 жыл), Жақсыбек Кәпірбайұлы, Семей облысы, Аягөз ауданы, жасы 95-те (1962 жыл).

Биліктің айтылуы быладай:

Найман руынан Тана дейтін кісінің бәйгеге түсіп, жүлде алып жүрген «Қаракөз» деген аты болыпты. Сол атты Танадан Абай кісі жіберіп сұрапты. Оған Тана: – Мұрын елінде былтыр сауын айтқан бәйге бар еді. Қаракөзді соған арнап жаратқанмын. Бүрсігүні жүргелі отырмын. Бәйгеден кейін ат Абайдікі, – деп жауап беріпті. Келесі күні кермесінде байлаулы тұрған Қаракөзді ұры алып кетеді. Тана Абайға кісі жіберіп: – Екеумізге ортақ Қаракөз ұрланды. Қолым жеткен жерге сұрау салдым. Ізі табылмады. Абайдың абыройы бар, тапсын да алсын, – деп хабарлапты.

Сол жылы Абайдың бір баласы қайтыс болып, Ескененің кіслері Абайдікіне бата оку үшін келеді. Олар қайта бастағанда Абай: – Олардың ішінде Балақазы дейтін болуы керек, соны шақыршы маған, – деп, зайыбы Еркежанды жұмсайды. Еркежан аттанып жатқан көпшіліктен: – Сіздердің іштеріңізде Балақазы дейтін кісі бар ма еken? — дегенінде, біреу – иә, мен Балақазы, – дейді. – Сізді мырза шақырады.

Балақазы «Абай ұрыны жек көреді» дегеніне қанық, «Абайдың алдында жанынды сауғаласаң, шынынды айт« сияқты сөздерді құлағы естіген, қатты үрейленіп «ойпырмай, ажалым жеткен еken», – деген оймен Абайдың үйіне кіріп келеді.

Абай: – Балақазы деген кісі сенбісің?

Балақазы: – Иә, менмін.

Абай: – Еркежан, үйдің жанында кісі бар ма?

– Жоқ.

– Ендеше өзің де үйден шығып тұр, біздің әңгімеліз бар, – дегенде Балақазы «өлетін жерім келген екен» деп ойға батып, өні бозарып іштей шындығын айтуға көшеді. Абай: – Эй, Балақазы! Есінде ме өткен жылы найман Тананың Қаралы атын ұры әкетті. Көрген-білген, естіген жерің бар ма? – дегеннің өзінде-ак Балақазы іштей шошып, «Абай біліп қойған екен, өзім айтпасам болмас» деген оймен: – Өзім кетерде ауылдың сыртындағы сайға арқандатып кетіп едім, – дейді.

Абай: – Сайға арқандатып кеткенің рас па?

Балақазы: – Рас. Абай-ага, шындығымды екі рет айттырдыңыз.

Бірінші рет үйіңзге кіргенде іштей айттым. Екінші рет алдыңызда.

Абай: – Жарайды, шындықты мойындарың. Жаратылышың ұрлықтың құлы емес, шындықтың құлы екен. Егерде өтірік айтқан болсан, аямайтын едім. Келісімге келелік: Сол атты саған бұйырдым. Бұдан былай ұрлығынды тый, егер де екінші рет ұрлық қылсан аяу күтпе, – деп қайтарыпты. Осыдан кейін ол ұрлығын мұлдем қойып, Абайдың сырттан сыйласы болып кетіпті. Бұл шешім ел ішіне тез тараң, «Абайдың алдына барсан, шынынды айт», – деген аңызға айналыпты.

3. Абайдың ел арасына кең тараған билігінің бірі «Найман Төлеу» 1958 жылы руы Каракесек, туган жері Семей облысы Абыралы ауданы, Дегелен Қаратұмсық орны Шахаман совхозының тұргыны Үйсінбайұлы Ғабдрахманнан (65 жаста) жазып алынды. 1880 жылдары Шар өзенінің бойында Қарамолада шақырылған билердің төтенше (чрезвычайный) съезінде Абай Төбе би болып сайланады.

Сонда Найман руынан талапкер ретінде Борсықбай, Торсықбай, Сасай деген билерінің Тобықты, Уақ, Керей руларының адамдары мынадай малымызды барымталады, ұрлады және кісі өлімі болды деген шағымы олардың бір топ билерінің қатысумен қаралады.

Жауапкер жағы Найманның билеріне: – Не дауларың бар? Не талап етесіздер? Ұрланған малдарының белгісі бар ма? Ұрыны ұстадындар ма? Сайға құлап өлген адамдарының да құнын сұрайсыздар ма? – депті. Найманның билері Борсықбай мен Торсықбай кезек-кезек сөйлеп, түйіні: – бүгінгешейін бұл рулардың басшыларына сөзіміз өтпеді, қолымыз жетпеді, малымызға төлеу, кісімізге құн ала алмадық. Енді Абайдың алдынан ағын тілеп отырмыз деп, шығындарын баңдайды. Бірақ та талас сөзде Найманның «кісіміз сайға түсіп өлді» дегені дәлелді, ұтымды болып шықпайды. Сол кезде Сасай би артынан сөз алады: – Эй, Тобықты, Уақ, Керей! Айқайлап жылқымды алмасаң, ел шауып қиқуды салмасаң, жатқан төсектен сасып тұрып, артыныздан кумаса, жыра мен сайға жығылып кісім өлмес еді. Нақақтан кісім өлмессе, жалған жала жабар ма едім? Сакалыммен бұнда келер ме едім? Уа, Абай мырза, билігіңе құлдық, кеміне де, артығына да көндік, дауласа-дауласа шаршадық, – депті.

Абай орнынан қозғала түсіп: – Уа, бұл сөйлеген кім еді? – деп сұрайды.

Найманның Сасай деген би осы кісі, – депті біреу.

Абай билігінде: – Уа, ала жіпті аттамайтын Сасай би жүгініске келсе, мынау сөзді Сасай би айтса, Тобықты, Уақ, Керей, Найманға «аз беріп, көп жарылқар», – деп кесім айтыпты. Бұған түсініп, екі жақ та көніпти.

Төлеу беріп, бітім малын алғанда ер құнына нар беріпті, түйеге тайлақ, атқа тай, қойға қозы, сиырға бұзау беріпті. «Аз беріп көп жарылқардың» мәнісі осы екен. Абайдың бұл айтқан билігі «Найман Төлеу» аталып қариялардың айтуынша, осы күнге шейін мақал болып келеді. «Ұры сүйегіш адамдарға ризалығы жоқ еді», – дегендеріне осы айғақ.

Бір күні үйде отырғанда Найман Кәріпжан қажы келіп тұр деп тыстан біреу хабар берген соң Абай мәсісін, бешпетін киіп, көрпе салғызып, келгенді үйге кіргізеді.

Абай: – Е, қажы неғып жүрсіз? – деп сұрайды.

Қажы: – 7-8 жылқы алғызып, соны қуып келіп қалып едім.

Абай: – Қажы-ай, 7-8 жылқы алғызып, соны қуып келгенін

не қылғаның, бір бала-шағаны жіберсөніз де Тобықтының ұрысы әкелген болса алып бермеуші ме едім? – деп ренжиidl.

Қажы: – Бір ашумен шығып кетіп едім, – деп ұялып қалыпты.

Абайдың тексеруінен кейін күмән Шодыр баласы Смағұлға түседі.

Абай оны жүгініске шақырады. Тұрағұлдың айтуынша, Кәріпжан қажы Абай үйінде түстеніп отырганда ағасы Тәнірберді Смағұлды ерте келеді. Абай Тәнірбердіге: – Сіз нағып жұрсіз? – дейді.

Тәнірберді:

– Оспанның сұрауымен мына Смағұлды саған билікке ертіп келдім. Соның жағынан менің де жүгініске катысу ойым бар. Айыбы жоқ сияқты.

Абай: – Сіз атшабар болғаныңыз ба? Ісіңіз жемісті болсын, – деп жақтырмай, қаталдана сөйледі. Абайдың бұл сөзіне Тәнірберді өкпелеп, көп уақыт араласпай қояды. Артынан оларды татуластыру үшін Оспанның үйінде ұлкендердің жиыны болды. Сол жиынға мен де қатынастым дейді Тұрағұл.

Қазақ халқының әдет-ғұрып, жол-жоба ережелері бойынша дауларды қарау, шешімге келу – істің қисыны мен қайшылықтарын ажыратуға да, бидің (төбе бидің) жораға түсуіне де байланысты. Шешендігі ұлкен іргелі би сұракты сүйегіне тиетін етіп беріп, арына артып қадай беріп, кейде жұмбактап, даугерлердің сырын алады, жауабынан сезеді. Мұндайда іс тез біtedі. Арқатта болатын билердің төтенише съезінде Абай Төбе би болғанда Қытай жерінде тұратын он екі Абақ Қаракерейдің бір айғыр үйірін шектес Найман ауылдары айдан кетіп, бермей қояды. Оязнайдың шақыртуы бойынша съезге Найманның уәкілі ретінде бір қажысы келеді.

Жүгініс кезінде Абай оған: – Қажы, анауыңыз не? Мынауыңыз не? – деп жұмбактап сұрайды. Қажы бұndай сұрақ береді деп ойла-маған, әзірлеген бұрма жауабын ұмытып, жұмбагына жұмбақпен шынын айтуға мәжбүр болады. Қажы: – Анауым ақырет үшін, мынауым дүние үшін, – депті. Куәсіз ұрлықты мойындағанын түсініп, Абай сол бойда билігін жариялапты, Керейдің ұрланған малын тұяғын тұяқтай қайтарыпты.

Бұндағы Абайдың сұрағы мен қажының жауабының шешімі:
Абайдың «Анауың не? Мынауың не?» – дегені: Не үшін
қажыға бардыңыз? Қажы бола тұрып ұрлық істеттіруініз қалай?
– дегені.

Қажының жауабы: «Анауым ақырет үшін» дегені – тәнімнің
болашакта тазалығы үшін Меккеге қажылыққа бардым, «мынау
дүние үшін» дегені – бұл ісім өмірдегі күн көріске керек болды
деген ойды білдіргені.

«Әкем Нұғыман «Абайдың алдына жүгініске барғанмын» деп
өзі айтып отырушы еді», – дейді оның баласы Сәбит. Нұғыманның
жалғыз атының кісенін ашып Діндібай, Қарала дейтін ағайынды
екеуінің балалары ұрлап алып кетеді. Олар бұрын да ұрлықты
кәсіп жасаған.

Атын сұрап барған Нұғыманды ұры ауылының үлкендері
тындаиды, шешім айтпайды, аяқсыз калдырады. Азар дегенде
3 сом ақша жинап, Абайға барыпты. Кіріп барған Нұғыманға
Абай шаншыла қарайды. Абай: – Не жұмыспен келдіңіз?

Нұғыман: – Атымды Діндібай, Қарала дейтіндердің ұрлылары
алған еді. Сұрап ала алмаған соң сізге 5 сом таба алмай, 3 сом
ғана тауып әкелдім, атымды алып берер ме еken деп. Абай онан
әрі шаншыла қарайды: – Эй, Нұке-ай, ана бір жылдары Найман
елінің дауына барған уақытымда Найманның бір байы менің
сөзімді сөйлесін деп 80 сом ақшаны шытқа орап жібергенінде, оны
алсам, үш уез бас қосқан съезде әлгі байдың сөзін сөйлесем, Абай
ғаділлетті 80 сомға сатты демей ме? Пара жеді десе сүйегіме таңба
емес пе? Ел қарғысының астында қалмайын деп қайтарғанмын.
Ал бүгін сен 3 сом беремін деп отырсын. Шіркін, сол үш сомды
ал дегеніңіз үшін үш күн босағада кісен салып отыргызып ма еді?!
Қайыр-қайыр. Анау Белағаштағы Айтқазы болыстан алған үлгің
гой! Сол болыстар сықылды ғаділлетті ақшага айырбастамаймын.
Ертең атынды алған ұрныны шакыртып, атынды алып беремін.
Ана 3 сомынды үй керегіне жұмса, – депті.

Айтқанында, Нұғыманның ұрланған аты қайтарылыпты.
(Айтушы – Нұғыманов Сәбит, Абай ауданы, «Заготскот»,
15 шілдесі, 1962 жыл).

7. Абайдың алысқа, иә үлкен думандарға барғанда мінетін атын «Ақерін» депті. Қарамолада төтенше съезд болатын жылы Найманның ішіндегі Қыржы ата баласынан шыққан атақты ұры Аюбай Тобықтыдан барымта ретінде алған жылқыларының ішінде Ақерін кетеді. Абайдың шағым сұрауы бойынша сол съезде Найманның белгілі билерінің бірі Жұмақан (Қисық баласы) Ақерінді қайтару ісін қарайды. Жұтініске шақырылған Аюбай Абайдан да, Жұмақаннан да кешігіп келеді. Жұмақан Аюбайға:

– Неге кешіктің Аюбай? Жұмақан Ыбраімен (Абаймен) құда дедің бе? (Абайдың баласы Ақылбай Жұмақанның қызын алған). «Құдалыққа құн кешпейді» деген бар емес пе? Мен ел аруағын сатам ба? Абайдың Ақерін атын алғаның рас па? Аюбай:

– Алғаным рас, барымтаның ішінде еken. Бірақ, оның көзі жоғалды, – дейді.

Жұмақан Абайға қарап: – Ақерін атынызға «екі бесті» кесемін, – деген.

Абай: – Сен Жұмақан болсан, мен Абай болсам, Ақерін мен мінетін атым болса, «екі бесті» Ақеріннің орны емес, бірақ өкпем жок, төлемін алмаймын. Ақерін Аюбайға кетсін, сонымен бұл дау бітсін, дегенде қатысқандар Абайдың ақылы мен ел тыныштығын жоғары санайтындығына риза болған (Айтушы: Кәріпбайұлы Жақанбек, 95 жаста, Семей облысы, Аягөз ауданы, 1962 жыл).

Осы келтірілген Абай биліктері мен билік шешімдерінен қазақ әдет-ғұрып ережелерінің сыр-сипаты, қасиеттері туралы, шешендігі үлкен іргелі билердің үлгісін, тәртібін ұстаған Абай сияқты сырлы асыл сөздің иесі атанған, әділдігі мен адалдығы арқасында, ел намысын жоғары ұстаған жеке адамдардың – билердің тұлғасы көз алдымызда елестейді. Қаймагы бұзылмай түрған ерікті, ерлікті, адам басын сыйлайтын ерте замандағы қазақ әдет-ғұрып заңдарының қоғам өміріндегі алған орнын сипаттайды.

ТҮСІНІКТЕР

1. Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Гылым, 1976. – 213-221-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Ақынжанов М. Абайдың қогамдық-саиси көзқарастарының қалыптасуы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССРҒА баспасы, 1954. – 65-84-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Тәжібаев Т. Жүргегімнің түбіне терең бойла. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 133-148-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктегі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 100-143-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның ескен ортасы (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 168-203-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Ерзакович Б. Абайдың казақ музыкасына қосқан үлесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қалам қас. Әндер мен күйлер / құрастырып, музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 5-18-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Фабдуллин Б. Абай және Сократ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 159-173-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тариҳи және дүниетанымдық алғышарлары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты шығарушы философия гылымының докторы М.С. Орынбеков. – Алматы: Гылым, 1995. – 34-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Есім Ф. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 69-106-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 7-33-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.

12. Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.
13. Күзембаева С. Абайдың музикалық шығармашылығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы / жалпы ред. басқ. У.К. Қалижанов, ҚР ҰФА мүшіе-корреспонденті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 461-473 – беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Жұбанов А. Абайдың музикалық мұрасы	3
Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси кезқарастарының қалыптасуы	12
Тәжібаев Т. Жүргімнің түбіне терең бойла	33
Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктегі туралы	50
Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның ескен ортасы	94
Ерзакович Б. Абайдың қазақ музикасына қосқан үлесі	116
Ғабдуллин Б. Абай және Сократ	132
Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары	148
Есім Ф. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы	183
Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жапы мәселелері	223
Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы	240
Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары	252
Күзембаева С. Абайдың музикалық шыгармашылығы	267
Тұсініктер	280

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
V том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8888

Басуга 24.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1510.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.